**ХАБАРЛАНДЫРУ**

2018 жылғы 23 шілдеде сағат 10.00-15.00 аралығында Қызылорда облысының әкімі Қ.Е. Көшербаевтың қатысуымен **«Өңірдегі жастарды әлеуметтік қолдау шаралары туралы»** тақырыбында интернет-конференция өтеді.

Онлайн режимде өтетін конференция барысында облыс әкіміне тақырып аясында қоятын сауалдарыңыз бен ұсыныстарыңызды https://dialog.egov.kz/ сілтемесі арқылы жолдауға болатындығын хабарлаймыз.

Сонымен қатар, сауалдарыңыз бен ұсыныстарыңызды жолдау үшін электронды цифрлық қолтаңба (ЭЦҚ) қажет екендігін ескертеміз.



# Сыр бойы

№106-107 (19589-19590)
21 ШІЛДЕ, СЕНБІ
2018 ЖЫЛ

ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСТЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ | 1929 ЖЫЛДЫҢ 1 ШІЛДЕСІНЕН ШЫҒАДЫ | WWW.SYRBOYI.KZ


SEMINAR



## АУЫЗ СУМЕН ҚАМТУДЫҢ АЙМАҚТЫҚ ТӘЖІРИБЕСІ

**Кеше Қызылорда қаласында «Елді мекендерді орталықтандырылған ауыз сумен қамтамасыз ету» тақырыбы бойынша республикалық семинар өтті. Семинарда Ауыл шаруашылығы министрлігі Су ресурстары комитетінің төрағасы Ислам Әбішев халықты, оның ішінде ауылдық елді мекендер тұрғындарын орталықтандырылған ауыз сумен қамтамасыз ету мемлекеттің басты міндеттерінің бірі екенін атап өтті. Бұл бағытта соңғы жылдары Қызылорда облысында өте ауқымды жұмыстар атқарылғанын жеткізіп, тәжірибе алмасу мақсатында республикадағы әріптестердің басын қосып отырғанын айтты.**

Осыдан кейін облыс әкімі Қырымбек Көшербаев семинарға қатысушыларға сөз арнады. Ол халықтың денсаулығы ауыз суға тікелей байланысты болғандықтан, Елбасы қамқорлығымен бұл бағытта көптеген жұмыстар жасалып жатқанын жеткізді. «Ақбұлақ» бағдарламасы кезінде облыста мың шақырымнан астам су құбырлары жүргізілді. Елбасы тапсырмасына сәйкес 2020 жылы ауылдық елді мекендердің 80 процентін орталықтандырылған ауыз сумен қамтамасыз ету міндеті тұр. 2015 жылдан бері «Нұрлы жол» бағдарламасы аясында ескірген су желілерін жаңғырту бағытындағы жұмыстар аса қарқынды жүргізілуде. 2011-2017 жылдар аралығында Қызылорда облысында бюджеттен 40 млрд теңгеден астам қаржы жұмсалып, ауылдық жерлердегі 2,5 мыңға жуық сервистік жүйелер жаңартылып, 8,5 мыңнан аса су өлшегіш құрал орнатылды. Қазір облыстағы 260 елді мекеннің 199-ы немесе елді мекендердің 76%, халықтың 97% орталықтандырылған ауыз сумен қамтамасыз етілген. Жалпы ауызсу мәселесін жақсарту бағытында 2017 жылдың шілде айынан бастап республикада алғашқы болып пилоттық жоба ретінде сумен қамтамасыз етуші бірыңғай оператор құрылды. Облыстағы коммуналдық меншіктегі 8 кәсіпорын республикалық «Қазсушар» РМК-ның облыстағы «Арал» филиалына біріккенін айтты.

Осыдан кейін ауылдық елді мекендерді сумен қамту мәселелерін шешу бойынша комитет төрағасы И.Әбішев ұсыныстарын ортаға салды. Оның айтуынша, комитетке қарасты «Қазсушар» РМК барлық ауылды мекендерге талдау жүргізген. 2018 жылдың 1 мамырындағы есеп бойынша еліміздегі 6577 ауылдық елді мекенде 1743,8 мың тұрғын үй бар, ал тұрғындардың саны 7,9 млн адам. Оның ішінде орталықтандырылған сумен жабдықталмаған елді мекен саны 3372, ондағы халық саны 2,2 млн адам. Су ресурстары комитеті 2,2 млн адамды ауыз сумен қамтамасыз етуге қажетті қаржыны анықтау үшін есеп те жасаған. Ел өңірлерінде іске асырылған жобалар бойынша халық санына есептегенде бір тұрғынға 444 мың теңгеден шықты. Оны 2,2 млн адамға көбейтсе, 993,5 млрд теңге болады. Жыл сайын 100 млрд теңгеден бөлгеннің өзінде халықты толық сумен қамтамасыз ету үшін 12 жылдан аса уақыт қажет. Ал бұл мерзімде 2002-2012 жылдары салынған нысандар күрделі жөндеуді, қондырғыларды ауыстыруды қажет етеді. Осы мәселені шешудің оңтайлы нұсқасын табу мақсатында комитет «Қазсушар» РМК инженерлік-техникалық қызметкерлерінен жұмыс тобы құрылған болатын. Мамандар сумен қамтамасыз етілмеген елді мекендерде әрбір үйді аралады, барлық қашықтықтарды өлшеді, елді мекендердің жоспарын, құбыр тарту схемасын сызды, гидравликалық есеп жүргізді. Комитет төрағасы бірде-бір мемлекеттік орган және әкімдік мұндай күрделі және ауқымды жұмысты атқармағанына назар аударды. Барлық жұмыстар РМК-ның өз күшімен жүргізіліп, бюджеттен бір тиын да жұмсалған жоқ. Нәтижесінде 2,2 млн тұрғынды орталықтандырылған ауыз су жүйелерімен қамтамасыз ету үшін 393,8 млрд теңге кететінін есептеп шығарды. Міне, осындай қаржы жұмсап, 2020 жылы жұмыстарды аяқтауға болады. Бірақ, ол үшін еліміздегі барлық топтық су құбырларын және ауылдық елді мекендердегі тарату желілері бір операторға – «Қазсушар» РМК-ға бірігуі қажет. Осыдан соң И.Әбішев бір операторға бірігудің басымдықтарын тізбелеп шықты.

Қазір елді мекендерде жұмыс істеп жатқан түрлі коммуналдық мекемелер мен жеке тұлғаларда білікті инженерлік-техникалық қызметкерлер жетіспейді, тарифтік саясат бойынша мамандар жоқтың қасы, өзінің зертханасы жоқ, қаржы-экономикалық қызмет айқын емес, қосалқы бөлшек сауда нарығында сауданы жеке-жеке жүргізеді, бөлшек бағасы мен сапасы күдік тудырады. Ал республикалық мекемеде мамандар жеткілікті, арнайы тариф басқармасы жұмыс істейді, сертификацияланған зертханалармен қамтамасыз етілген және тағы басқа көптеген артықшылықтары бар. Ал алдағы жоспарланған жұмысты бюджет қаржысын жұмсамай, Ұлыбритания қазынашылығынан алатын қаржыға бітіруге мүмкіндігі бар. Кейін ол қаржыны тариф арқылы шығарып қайтаруға болады.

2–БЕТ



**Облыстық ауыл шаруашылығы басқармасының бастамасы бойынша ауылшаруашылық өнімдерін, тұқымдарды, ауыл шаруашылығы техникаларын, тыңайтқыштарды, химиялық заттарды сатып алуға, сатуға немесе айырбастауға және қызметтерді пайдалануға болатын «Агробиржа» интернет-ресурсы құрылған.**



## СЫРДАҒЫ БАСТАМА СЫРТҚА ҮЛГІ

Агробиржа жобалық басқару шеңберінде іске қосылды. Ауыл шаруашылығы вице-министрі Гүлмира Исаеваның айтуынша, Қызылорда облысындағы бұл тәжірибе барлық өңірлерге ұсынылады.

Облыстық ауыл шаруашылығы басқармасының басшысы Бақыт Жахановтың айтуынша, көбінесе тауар өндірушілер нарыққа тікелей қол жеткізе алмайды. Өндірілген тауарлардың қайда, кімге және қандай бағада сатылатындығының белгісіздігі тек аймақта ғана емес, республикада да шешілмеген проблемалардың бірі болып табылады.

– Азық-түлік тауарлары бағасының өсуіне ықпал ететін факторлардың бірі – делдалдардың көптігі екені ешкімге жасырын емес, сарапшылардың пікірінше, үстеме бағаның 65-85 проценті солардың үлесіне тиеді. Бұл бағаны негізсіз көтеруге алып келеді, ал тауар өндірушілердің өзі аз пайдаға қанағат етеді. Осы мақсатта біз «Агробиржа» ауылшаруашылық өнімдерінің саудасына арналған электронды платформа құрдық. Ол сатылым нарығын кеңейтуге, сатып алушы мен сатушы арасындағы тікелей байланыстарды орнатуға, экспорттық операцияларды арттыруға мүмкіндік береді, – дейді Бақыт Жаханов.

Естеріңізге салайық, www.agrosauda.kz веб-сайтындағы ақпарат қазақ, орыс, ағылшын және қытай тілдерінде ұсынылған. Болашақта оған парсы тілін де қосу жоспарлануда. Өйткені, қызылордалық аграрлар өз өнімдерін экспорттайтын елдердің бірі – Иран.

Қазіргі уақытта интернет-ресурстарын жетілдіру жұмыстары жалғасуда, жақын арада «Агробиржа» мобильді қосымшасы іске қосылады.




ЕЛ ЭКОНОМИКАСЫНЫҢ ӨСІМІ ҚАЛЫПТЫ БОЛАДЫ 3



«7-20-25» ЖАҢА ИПОТЕКАЛЫҚ БАҒДАРЛАМАСЫ ТУРАЛЫ 4



ҚАПШАҒАЙДАҒЫ ДОП ДОДАСЫ 6


## ҚЫЗЫЛОРДАДАН ТАШКЕНТКЕ ТІКЕЛЕЙ БАРАМЫЗ

**Облыс тұрғындары үшін тағы да жағымды жаңалық, Қызылорда қаласынан Өзбекстан астанасы Ташкентке тікелей қатынауға мүмкіндік жасалды. Халықаралық бағыттағы жолаушы тасымалын жетілдіру мақсатындағы «Қызылорда – Ташкент – Қызылорда» тұрақты автобус маршруты екі қала арасындағы барыс-келісті ұлғайтуға сеп болады.**

Жаңа бағытқа қатынайтын автобустар күнделікті сағат 17-00 де жүреді. Жүргізушілердің есебінше, Ташкентке жылдам жетеді. Билет құны – ересектерге 3 мың, 7 жастан 12 жасқа дейінгі балаларға мың жарым теңге.

– Екі мемлекет басшыларының келісімі арқасында шекара ашылып, қазақ-өзбек қатынасының аясы кеңейді. Енді жолаушыларымыз жайлы заманауи автобустар арқылы діттеген жеріне барып-келе алады, – дейді «Салтанат» ЖШС басшысы Баянбай Сыздықов.

Екі ел арасын жақындататын жаңа бағыттың алғашқы жолаушысы Әмина Құрманбаева Ташкент қаласында тұратын туыстарына бара жатқанына қуанышты.

– Бұрындары көлік ауыстырып, кемі жарты күн жүретін едік, енді тікелей баратынымызға қуаныштымын. Билет құны қолжетімді. Ташкенттегі туған-туыстарым да енді Қызылордаға жиі сапарлатып келетіндеріне разы, – деді жолаушы.

Бүгінгі таңда облыс аумағында 212 елді мекенді аудан және облыс орталығымен байланыстыратын 211 автобус маршруты ұйымдастырылған. Сонымен қатар, облыс орталығынан Астана, Алматы, Ақтөбе, Түркістан, Шымкент, Жезқазған, Сарыағашқа қалааралық автобустар қатынайды.

– Жолаушыларымыз жолда шаршап-шалдықпай баратынына кепілдік береміз. Өйткені жол қауіпсіз, әрі жайлы, – деді жүргізуші Фахриддин Хасанов.

Халықаралық бағыттағы жолаушы тасымалын жүзеге асыратын маршрутты екі ел арасындағы байланыс пен достықтың жемісі деуге болады. Алдағы уақытта халықаралық бағыттағы жолаушы тасымалы аясы кеңейе түспек.

**Нұрбек ДӘУРЕНБЕКОВ,**
**«Сыр бойы».**



EKONOMIKA JAŃALYQTARY

## ЕҚДБ «САРЫАРҚА» ГАЗ ҚҰБЫРЫ ҚҰРЫЛЫСЫН ҚАРЖЫЛАНДЫРМАҚ



**Бұған дейін хабарлағанымыздай, «Сарыарқа» магистральды газ құбырының «Қызылорда-Жезқазған-Қарағанды-Теміртау-Астана» бағыты бойынша бірінші кезеңі 2019 жылдың желтоқсан айына дейін аяқталады. Бірінші кезеңнің болжамды құны 267 млрд теңгеден асады. Қарағанды, Ақмола облыстары мен Астана қаласының әкімдіктері магистральді газ құбыры мен аймақтық желілер құрылысының мерзімін ескере отырып, инфрақұрылым құрылысы үшін жол картасын әзірлеген. Бірінші кезеңде газ құбыры 171 елді мекенге тартылады, 2,7 миллион адам газбен қамтамасыз етіледі. Елорда тұрғындары үшін ең алдымен газды «Көктал-1,2», «Железнодорожный», «Юго-Восток» аудандарына және 1,2,3 жылу электр стансаларына жеткізу жоспарланған. – Еуропалық қайта құру және даму банкі вице-президентімен келіссөз жүргіздік. Олар газ құбырының магистральдік бөлігін де, тарату желісін де қаржыландыруға дайын. Жұмыс тобын құрып, олармен Жол картасын жасаймыз деп уағдаластық. Тарату желісіне жауап беретін әкімдіктердің қатысуымен кеңес өткіземіз. Меніңше, келесі аптада жұмыс және қаржыландыру көлемі анықталады, – деді осы бағытта атқарылып жатқан жұмыстарды саралаған ҚР Энергетика министрі Қанат Бозымбаев.**

### ОТАНДЫҚ ЖАҢА АВТОКӨЛІКТЕРДІҢ САТЫЛЫМЫ ЕКІ ЕСЕГЕ АРТТЫ

«Made in Kazakhstan» жазуы бар жаңа автокөліктердің сатылымы екі есеге артып отыр. Қазақстандық автобизнес қауымдастығының келтірген мәліметіне сүйенсек, 2018 жылдың 6 айында Қазақстанда барлық типтегі 14 660 көлік өндірілген. Нақтырақ айтқанда, еліміздегі алты ірі кәсіпорынның күшімен жарты жылда 13 725 жеңіл автокөлік және 86 дана арнайы берік техника шығарылған. Өндіріс тұрғысынан қостанайлық «СарыаркаАвтоӨндіріс» 123,2 пайыздық көрсеткішпен көш бастап тұр. Алты айдың ішінде аталған кәсіпорын 5297 жеңіл, ауыр жүк көлігі мен автобустарды өндірген. Екінші орында – өскемендік «Азия Авто». Сонымен бірге, көкшетаулық «КАМАЗ Инжиниринг» 280 ауыр жүк көлігін шығарды.

### ҚАЗАҚСТАН ОА-НЫҢ ӨЗГЕ ЕЛДЕРІНЕ ҚАРАҒАНДА ИНВЕСТИЦИЯНЫ КӨП ТАРТУДА

Қазақстан Орталық Азияның басқа елдерімен – Қырғызстан мен Тәжікстанмен салыстырғанда шетелдік инвестицияны 11 есе көп тартып жатыр. Шетелдік инвесторлармен 4,7 млрд доллардың келісімі жасалды Мұндай деректі Бішкекте өткен «Ұлы Жібек жолы бойында білім беру дәліздерінің құрылысы» III сараптамалық орталығын дамыту форумында ҚХР Халықаралық экономика және қаржы институтының бас директоры Чжоу Цянву мәлімдеді. Қытайлық сарапшының айтуынша, орташа жылдық көрсеткіштерге сәйкес, Қазақстан 11 млрд доллар шетелдік капиталды, ал Тәжікстан мен Қырғызстан 1 млрд долларға жуық инвестиция тартқан. «Қазақстандағы шетелдік инвестициялар 2013 жылы 10 млрд долларды, 2015 жылы – 6,4 млрд долларды, 2016 жылы 16 млрд долларды құраған. Елдер саясаттарын түзетуіне байланысты өнеркәсіптік инвестициялар да өсіп жатыр. Орталық Азияда инвестиция тарту болашағы уақыт өте келе жақсарады». Бұл инвестициялық ортадағы реформаларды жүргізіп, әкімшілік процедураларды қарастыруына, мемлекеттік қызметтер көрсетуді жақсартуына, салықтық ынталандыру және мемлекеттік қолдауға байланысты екен.

**Дайындаған**
**Ж.ӘБІШОВ.**

№106-107 (19589-19590)
21 шілде, сенбі
2018 жыл

# АУЫЗ СУМЕН ҚАМТУДЫҢ АЙМАҚТЫҚ ТӘЖІРИБЕСІ

Комитет төрағасы өткен жылы Парламент Мәжілісінде «Елді мекендерді сапалы ауыз сумен қамтамасыз етудің өзекті мәселелері» тақырыбында тыңдалым болғанын еске салып өтті. Онда депутаттар бірыңғай операторға бірігудің тиімділігін қолдаған. Үкімет басшысы да оң көзқарас танытуда. Солай бола тұрса да, кейбір министрліктер мен әкімдіктер әлі де болса кертартпа пікірлерінен айнымай отырғанына қатты қынжылыс білдірді. Сол себептен бүгінгі семинар Қызылорда облысында оң нәтижелермен танысуды мақсат тұтып отыр.

Семинарда облыс әкімінің орынбасары Серік Сүлейменов аймақта бұл бағытта жасалған жұмыстар жөнінде ақпарат беріп өтті. Облыста 744 мың халық өмір сүріп жатқан 263 елді мекен бар. Оның үшеуі қала, қалған 260-ы ауылдық елді мекен саналады. Онда 470 мың халық тұрады. Қала тұрғындары толығымен орталықтандырылған су жүйелерімен қамтылған. Орталықтандырылған ауыз су жүйесі бар 199 елді мекеннің біраз бөлігі «Арал-Сарыбұлақ», «Жиделі» және «Октябрь» топтық су құбырларының желілеріне қосылған. Ол тұрғындардың 97 процентін қамтиды.

1–бет

Хабарламашы бірыңғай операторға бірігу сонау 2012 жылдан бастау алғанын жеткізді. Сол уақыттың өзінде республикалық кәсіпорынның жергілікті филиалы теңгеріміне өткен су жүйелерінде қызмет көрсету сапасы артып, материалдық-техникалық базалары күшейді. Бұл жұмыстар оң нәтижесін берген соң облыс әкімінің бастамасымен Су ресурстары комитеті және ҚР Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті қолдауымен 2017 жылдың 1 шілдесінен бастап оқшау ауыз сумен қамтамасыз ету су жүйелері «Арал» салынып жатқан кәсіпорындардың бірлескен дирекциясы филиалы қарамағына өткізілді.

Бір операторға бірігу тиімділігін көрсетіп отыр. Магистралді құбырлар және ішкі су тарату желілері бойынша барлық пайдалану шығындары бір салаға тоғыстырылып, бірыңғай тариф бекітіліп, бірнеше басқару операторлары оңтайландырылды. Ауыз су тарату қызметтеріне бірыңғай тариф бекітіліп, ауыз сумен жабдықтау жүйелеріне инвестиция тартуға мүмкіндік туды. Аварилық жағдайларды уақытылы жоюға, материалдар мен техниканы керек болған



жағдайда орталықтандырылған оператордан бөлуге қол жеткізілді.

Бірыңғай операторға бірігудің оң нәтижелері туралы «Арал» СЖКБД филиалы директоры Имамадин Оңғарбаев та айтып берді.

Ескі жүйе кезінде магистральді құбырларды пайдаланушы елді мекендер мен аудан орталықтарының ішкі су тарату желілері басқа коммуналдық кәсіпорындардың тарифтері бөлек болды. Бұл жағдайда коммуналдық кәсіпорындар магистральді құбырларды пайдаланушы кәсіпорындардан сатып алып одан әрі тұтынушыға сататын еді.

Оңтайландыру нәтижесінде қазір авариялық жағдайларды уақытылы жоюға, материалдар мен техниканы керек болған жағдайда орталықтандырылған оператордан бөлуге қол жеткізілді. Ауыз су жүйелерін бірқалыпты техникалық жағдайда ұстап тұру үшін қажетті шикізат материалдарымен, жанар-жағар маймен, химиялық реагенттермен қамтамасыз ету орталықтандырылып, бір жерден қамтамасыз етілетін болды.

Семинарда бірқатар министрліктер мен аймақтардың өкілдері өз ойларын ортаға салды. Олар бірыңғай операторға бірігудің тиімділігі бар екенін, алайда әр өңірге тән өзіндік географиялық, климаттық, сейсмикалық және басқа да ерекшеліктерді де ескеру қажеттігін айтты.

Семинарды қорытындылаған И.Әбішев әріптестерінің түсіністік танытқанына ризашылығын білдірді. Халықты ауыз сумен қамтамасыз ету мәселесінде сұраныстың бір мемлекеттік органнан болғаны абзал. Қызылорда қаласында өткен семинардың түйіні осы болды.

**Ыдырыс ТӘЖІҰЛЫ,**
**«Сыр бойы».**

BRIFING

**Өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен брифингте облыстық статистика департаментінің басшысы Мариям Баекеева Мемлекет басшысының «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» атты Жолдауының негізгі бағыттарының жүзеге асырылу барысын баяндады.**

# СТАТИСТИКА – ДАМУ ДӘЙЕГІ

Департамент басшысының айтуынша, 2018 жылдың қаңтар-маусым айлары аралығында облыстың әлеуметтік-экономикалық дамуының негізгі көрсеткіштері бойынша өсу байқалады. Оның ішінде өңдеу өнеркәсібінің өндіріс көлемі өткен жылдың осы кезеңімен салыстырғанда 100,5 процентті құрады. Ал әлеуетті саланың бірі – құрылыс жұмыстарының көлемі 15,9%-ке ұлғайған. Айталық, 2018 жылдың алғашқы алты айында пайдалануға берілген тұрғын үйдің жалпы алаңы 228 050 шаршы метрді құрап отыр. Облыс бойынша негізгі капиталға салынған инвестициялардың көлемі 87 049 млн теңгені құрап, нақты индекс көлемі 117,2%-ке өскен. Сондай-ақ, есепті кезеңде ауыл шаруашылығының жалпы өнімі 2,7% өсіп, бөлшек сауда өсімі 1,1 процентті құраған.

Жолдауда белгіленген негізгі 10 бағыттың біріншісі индустрияландыру, оның ішінде өңдеу секторы болып табылады. Өңдеу өнеркәсібінде 2018 жылдың қаңтар-маусымда басқа санаттарға кіргізілмеген машиналар мен жабдықтар жасау – 2,3 есеге, дайын металл бұйымдарын жасау – 2,1 есеге, резеңке және пластмасса бұйымдарын өндіру – 33,3%, жиһаз жасауда – 3,3%, машиналар мен жабдықтарды жөндеу және орнатуда 1,9%-ке өсім байқалды.

Экономиканы дамытуда табиғи ресурстардың орны ерекше. Бұл орайда биылғы жылдың алғашқы жартысында облыс бойынша 850,2 млн кВт.с электр энергиясы өндірілді, оның 0,8 млн-ын электр станциялары өндірген. Ал «Ақылды технологиялар» агроөнеркәсіп кешенін қарқынды дамыту мүмкіндігі десек, бұл орайда 2014 жылдан бастап статистика комитеті кенттердің, ауылдық округтердің әр шаруашылық бойынша есепке алу деректерін енгізу және сақтауды электронды түрде жүргізу жүйесін қолданып келеді. Бүгінгі күні «Талдау» ақпараттық-талдау жүйесінде 3000-нан астам статистикалық көрсеткіш бар. Өткен жылы «Ашық деректер» порталының қағидаты бойынша сыртқы пайдаланушыларға ресми статистикалық ақпаратты «Талдау» АТЖ арқылы электронды түрде беру үшін әмбебап веб-сервис әзірленді.

«Цифрлық Қазақстан» бағдарламасы аясында 2017 жылы ҚР Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитеті Қазақстан халқы санының есептеуішін әзірледі. Есептеуіш көмегімен 2009 жылдың басынан осы аралыққа дейінгі әр тәуліктегі туылғандар мен қайтыс болғандар санын (оқиғалардың нақты күндері бойынша) білуге болады. Сондай-ақ, әр тәуліктегі иммигранттар мен эмигранттардың саны да (көші-қон қызметі тіркеу органдарында) қолжетімді. Осы орайда көлік-логистика инфрақұрылымының тиімділігін арттыру бағытында атқарылған шаралар нәтижесінде, есепті кезеңде облыста автомобиль көліктерімен 42,3 млн тонна жүк және 177,5 млн жолаушы тасымалданды. Бұл өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 100,2 және 109,0 процентті құрады.

2018 жылдың қаңтар-маусымында құрылыс жұмыстарының (қызметтерінің) көлемі 24527 млн теңгені құрады, бұл өткен жылдың кезеңімен салыстырғанда 15,9% ұлғайды. Осы кезеңде 2 185 813 шаршы метр тұрғын үй салынды, оның ішінде 1 652 109 шаршы метр – жеке үй. Ал облыс бойынша негізгі капиталға салынған инвестициялардың көлемі 87049 млн теңгені құрады. Нақты индекс көлемі 117,2%-ке өсті. 2018 жылдың қаңтар-маусымында пайдалануға берілген тұрғын үйдің жалпы алаңы 228 050 шаршы метрді құрады және тұрғын үй құрылысына 11,5 млрд теңге жұмсалды.

Жолдаудың жетінші бағыты – «Адами капитал – жаңғыру негізі» деп аталады. Бұл бағытта қолға алынған шаралар жүйелі жалғасын тауып отыр. Соңғы 10 жылда облыста халық саны 110 мың адамға көбейді. Атап айтқанда, 2018 жылдың 1 маусымында облыс халқының саны 787,7 мың адамды құрады. Сонымен қатар, соңғы жылдары аймағымызда адам өліміне қарағанда туу көрсеткіші жоғарылап келеді. Бұл басты нәтиже. 2018 жылдың 5 айында 7663 бала туылса, 1761 адам қайтыс болған. Еңбекке қабілетті жастағылардың саны артуда (2018 жылдың 1 қаңтарына 446,1 мың адамды құрады). Бүгінгі таңда облысымызда 100 тұрғынға 8 зейнеткерден келеді.

Ал Қазақстан Республикасы Ұлттық халық санағын өткізуге дайындық жұмыстарының барысы жайлы айта кететін болсақ, Ұлттық халық санағын өткізу уақыты – 2019 жылдың қазан айы болып белгіленді. Жалпы санақ кезінде 1326 адам уақытша жұмысқа тартылады деп жоспарланып отыр. Бүгінгі таңда облыс әкімінің тапсырмасымен 2019 жылы өтетін Ұлттық халық санағына әзірлік бағытында нақты іс-шаралар қабылданды. Айта кетейік, санақ нәтижелері бойынша алынған деректер демографиялық үрдістерді өлшеуге, салыстыруға, талдауға және интенсивтілігі мен ағымдарын болжауға мүмкіндік береді.

Өмір сүру сапасын жақсартудың басты шартының бірі – сапалы жұмыспен қамту. Негізінен, өзін-өзі жұмыспен қамтығандар мен жұмыссыздар экономикалық өсімнің резерві саналады. 2018 жылдың І жартыжылдығында облыс экономикасында жұмыспен қамтылғандар саны 328,1 мың адам болса, оның ішінде өзін - өзі жұмыспен қамтығандар – 113,7 мың адам. Жалпы жұмыссыздық деңгейі – 4,8 %, ал жастар арасындағы жұмыссыздық деңгейі 4,3 процентті құрап отыр.

Брифингте департамент басшысы М.Баекеева есептіліктерді анықтаудағы ережелер мен заңдылықтар жөнінде қысқаша айтып өтіп, БАҚ өкілдерінің сауалдарына жауап берді.

**Ғазиза ӘБІЛДА,**
**«Сыр бойы».**

TSIFRLYQ QAZAQSTAN

**Аймақта ақпараттық технологияны дамыту мақсатында облыс әкімдігінің қолдауымен ІТ-парк ашылған болатын. Бүгінде талантты жастар шоғырланған осы паркте түрлі бағдарламалар іске асып, жалпақ жұртқа таныстырылып жатыр.**

# ЖАСТАРДЫҢ ЖАҢА БАҒДАРЛАМАСЫ

Жуырда ақпараттық-бағдарламалық өнімдерді әзірлеу, оларды қорғайтын антивирустық бағдарламаларды жасап шығаруды мақсат еткен жас мамандар арнайы ұйымдастырылған шеберлік сабағында білім-біліктерін ортаға салып, қолданыстағы бағдарламаларын тестілеуден өткізді.

Мұхамедияр Нұрлыбекұлы – ІТ саласындағы жас кәсіпкер. Мекемелерге сұраныс бойынша түрлі бағдарламалар, сайттар жасаумен айналысады. Оның айтуынша, ғаламдық жаңа «Питон» бағдарламалау тілін қолдану мамандарға үлкен артықшылық беретін болады.

– Python – Java-ны ауыстырып, жаңа бағдарламашылар назар аударатын алғашқы жалпыға арналған бағдарламалау тілі. Бұл – тамаша құрал. Жұмыс жасау оңай әрі ұғынықты. Бағдарлама жасау барысында қателер әрқашан бірінші рет тәжірибе жасап отырғанда пайда болады. Python оларды тез тануға және түзетуге мүмкіндік береді. Сондықтан көптеген қателер жұмыс процесінде емес, іске қосу сатысында анықталады, – дейді Мұхамедияр. Осы бағдарлама арқылы жасалған сайттар көптің көңілінен шыққан.

Ақпараттық технология дамыған заманда вирус тарататын сілтемелер көп. Керек десеңіз, ашық тұрған тегін Wi-Fi-да мәлімет ұрлайды екен. Оларға қарсы антивирустар жасалғанымен, көп ұзатпай оны жойып жіберетін өзгеше вирустар пайда болады. Ал біздің фжас кейіпкеріміз өзі жасаған жобасының вирусқа мықты тосқауыл болатынын, әрі хакердің өзін жемтікке айналдыратын бағдарламаны ойлап тапқан.

Мемлекеттік мекемелердің сайттары көбінесе Платонус бағдарламасымен жұмыс істейді. Бұл хакерлердің оңай жемтігіне айналып отыр. Бүгінде кез келген бағдарламашы сайттарды бұза алуы мүмкін. Оны іс барысында көрсеткен Дастан оған қарсы тұрар бағдарлама жайында айтып берді.

– «Кафка» бағдарламасы вирусқа қарсы вирус қорғаныс десек те болады. Ол вирусты өз қақпанына түсіріп оған өзінің вирустарын жүктеп жібереді. Нәтижесінде сізге шабуыл жүргізген вирус өз ұясына барып «арқалап келген жүктері»



арқылы өзін-өзі жойып жібереді, – деді жас дарын.

«Кафканы» Қорқыт ата атындағы Қызылорда Мемлекеттік университетінің студенті Дастан Айтбай ойлап тапқан. Осы еңбегі үшін жуырда республикалық байқаудан жүлделі оралды.

Осылайша, әлеуметтік инженерия ғылыми саласына бет бұрған жас таланттар облыс дамуының салаларын автоматтандыруға және оларға қызмет көрсетуге мүмкіндік туғызатын болады.

**Нұрбек ДӘУРЕНБЕКОВ,**
**«Сыр бойы».**

# КӘСІПКЕРЛІК ДАМЫСА, ИГІЛІК ЕСЕЛЕНЕДІ



**Кәсіпкерлікті дамыту бағдарламалары еліміздің барлық өңірлерінде қолдау тауып отырғаны баршаға аян. Қармақшы ауданына қарасты Төретам мен Ақай ауылдарында да өз ісін өркендетем деушілер мемлекет ұсынған жеңілдіктерді тиімді пайдалануда.**

Он екі мыңға жуық адам қоныстанған Төретам кентінде кәсіпкерлік нысандар күн санап көбейіп келе жатыр. Мамандар саланың қыр-сырын меңгеруде түрлі семинар-тренинг, арнайы тренерлердің кеңесі көмекке келетінін айтуда. Жуырда жеке ісін ашуды жоспарлап жүргендерге арналған «Бизнес кеңесші» оқу курсы бойынша Төретам кенті мен Байқоңыр қаласының 19 тұрғыны сертификаттар иеленді. Жеке кәсіпкер Зульфия Омар аталған оқу бағдарламасын тәмамдағаннан кейін «Ауыл шаруашылығын қаржылай қолдау қоры» АҚ облыстық филиалы арқылы құжаттарын әзірлеп, жобасын жүзеге асыруға дайын екендігін көрсетті. «Нәтижелі жұмыспен қамту және жаппай кәсіпкерлікті дамыту» бағдарламасының екінші бағыты саналатын «Бастау бизнес» жобасы бойынша да аудандық кәсіпкерлік палатасында 3 адам тестілеуден сәтті өтіп, құжаттары «Ауыл шаруашылығын қаржылай қолдау қоры» АҚ облыстық филиалына жіберілді. Олардың қатарында жеке кәсіпкер Сәбит Өміртайдың «Монша құрылысын аяқтау» және Оңғар Байдулланың «Сән салоны құрылысын аяқтау» жобасы бар. Жалпы, «Бастау бизнес» жобасы «экономикалық лифт» іспетті. Бұл бастаманың маңыздылығы мыңдаған адамдарға өз кәсібін ашуға мүмкіндік беретіндігінде болып отыр. «Қызылорда» өңірлік инвестициялық орталығы» да халықтың әлеуметтік өміріне түбегейлі өзгеріс әкелетін жұмыстарды қолға алуда. Оңтайлы істердің нәтижесінде кәсіпкер Еркін Жүсіпәли «Тауық өсіру» жобасы бойынша 1,5 млн теңге несиеге қол жеткізді. Алдағы уақытта ол Төретам, Байқоңыр халқын сапалы өнімдерімен қамтамасыз етпек ниетте. «Бизнестің жол картасы – 2020» бағдарламасы сауда-саттықпен айналысатын кәсіпкерлердің өнім өндіру ісіне ауысуына мүмкіндік беріп отырғанын айта кетпекпіз. Бағдарлама шеңберіндегі қайтарымсыз несие грантына кенттен 10 адам құжат тапсырған болатын. Бүгінде 4 тұрғын 3 302, 664 теңгені жеңіп алды. Соның ішінде Индира Төлекованың бизнестегі қарышты қадамы көңіл қуантарлық. Бизнесвумен қазір «Байқоңыр қаласында қазақ балабақшасын ашу» жобасын қолға алды. Кәсіпкерлік дамыса, кіріс көбейеді, экономика да өрлейді. Ең бастысы, жұмыссыздар саны едәуір кемиді. Мәліметтерге сүйенсек, биыл кентте 200 жаңа жұмыс орны ашылыпты. Бұл шағын ғана кентте шаруасын ширатып отырғандардың аз еместігін, қызмет көрсету орындарының айтарлықтай артқанын айғақтап тұр.

Осы тектес жүйелі жұмыстар Ақай ауылдық округінде де жалғасын тауып келеді. Болашаққа бағдар берген кәсіпкерлік бағдарламаларына қызығушылық танытушылар көп. Мұнда кәсіпкерлікті дамытудың 2018 жылға арналған «Жол картасы» бекітілген. Қаңтар айынан бастап «Байқоңыр – 2017» кооперативі құрылған, бүгінде несие алу үшін қажетті құжаттар заңдастырылуда. Сондай-ақ, беріде «Ақай кәсіпкерлері» қоғамдық бірлестігі де құрылды. Бұйыртса, 2020 жылға дейін әлі талай ауыл кәсіпкері бизнестің ең биік баспалдағына өрлейтін болады.

Иә, дамыған елдерде экономиканың драйвері ретінде шағын бизнес ерекше рөл атқарады. Шағын және орта бизнес өркендесе, халық кәсіпкерлікпен шұғылдануға бейімделсе, мемлекеттің экономикалық мүмкіндігі арта бермек. Елбасы Н.Назарбаевтың «Президенттің бес әлеуметтік бастамасында» төртінші міндет ретінде «Шағын несие беруді көбейту» тапсырылғаны – Қазақстанда да кәсіпкерлікті қолдауға ерекше көңіл бөлінетіндігінің көрінісі. Себебі, жеңілдетілген несие көлемінің ұлғайтылуы жаппай кәсіпкерлікті дамытуға ықпал етері анық.

**Фаруза СҮЛЕЕВА.**
Байқоңыр қаласы.

# САНИТАРЛЫҚ-ЭПИДЕМИОЛОГИЯЛЫҚ АХУАЛ ТҰРАҚТЫ

**Сейсенбі күні өңірлік коммуникациялар қызметінде ҚР ДСМ ҚДСК облыс бойынша департаменті басшысы Ұлболсын Аханаеваның қатысуымен брифинг өтті. Онда аймақта соңғы алты айда қалыптасқан санитарлық-эпидемиологиялық ахуал, оның ішінде Конго-Қырым қанды безгегі мен менингококкты инфекцияларды болдырмау және алдын алу шаралары бойынша атқарылып жатқан жұмыстар талқыланды.**

Сала басшысының айтуынша, облыс тұрғындары арасында туляремия, күйдіргі, сал, тырысқақ, іш сүзегі, қылау, оба секілді аурулар тіркелмеген. Керісінше, жұқпалы індет көрсеткіші төмендеген. Мәселен, өткен жылдың осы мерзімімен салыстырғанда жұқпалы аурулардың ішінде лямблиоз – 3,7 есеге, жұқпалы ішек аурулар тобы – 43 процентке, тамақтан улану жағдайлары – 21,4, алғаш анықталған созылмалы вирусты гепатиттер – 6, өкпе туберкулезі, дизентерия, жіті вирусты гепатит С түрі 5 процентке азайған.

– Жалпы, өңірде осы жылдың 6 айында бірқатар жұқпалы аурулар аурушаңдығы бойынша тұрақты эпидемиологиялық ахуал қалыптасуда. Жыл басынан бері менингококк инфекциясы бойынша 1 ғана жағдай тіркелді. Бұл жағдайға байланысты қоғамдық денсаулық сақтау және облыстық денсаулық сақтау сала мамандары тарапынан кешенді санитариялық-профилактикалық, сондай-ақ, санитарлық-эпидемияға қарсы іс-шаралар ұйымдастырылып жүргізілді. Бүгінгі таңда облыс тұрғындары арасында аталған инфекция жұқтырған жаңа деректер тіркелмеді. Қазіргі сәтте әрбір аудан аумағында сырқаттанушылық көрсеткіштеріне, эпидемиялық маңызды нысандардың санитариялық жағдайына күнделікті мониторинг жүргізіліп, барлық жағдай бақылауға алынуда, – деді Ұлболсын Өмірбайқызы.

Жиында айтылған тағы бір жайт, облыс аумағында вирусты гепатит А ауруы бойынша 18 жағдай тіркеліп отыр. Бұл мәселеде өткен жылы вакцина тапшылығы болса, биыл халыққа вакцина егуге толық мүмкіншілік бар екен.

Күн жылынғаннан бастап кененің шығатынын ескерсек, есепті мерзімде аймақ бойынша кене шағу жағдайымен 708 адам медициналық көмекке жүгінген. Былтырмен салыстырғанда көрсеткіш 28%-ке төмендеп, кенеден келер қауіп азая түскен. Ал, ҚКГҚ-ға күдікті делінген 6 науқастың диагноздары зертханалық жолмен нақтыланбаған. Табиғи ошақтарды зерттеу барысында 3852 кене сынамасы зерттеліп, оның 106-дан оң нәтиже, яғни ҚКГҚ-ның вирусы анықталған.

**Мейрамгүл ДАУЫЛБАЙҚЫЗЫ,**
**“Сыр бойы”.**

# БІЛІМ КӨКЖИЕГІ КЕҢЕЙІП КЕЛЕДІ

**Бұған дейін газетімізде Астанада Қызылорда облысының әкімдігі мен Еураз ЭО Парламентаралық Ассамблеясы жанындағы университет арасында әріптестік туралы меморандумға қол қою рәсімі өткенін хабарлаған болатынбыз.**

**Келісімге сәйкес университет қызылордалық мектеп бітірушілерге жыл сайын білім гранттарын бөлетін болады. Енді аталған оқу орнына түсу тәртібін ұсынып отырмыз.**

## ТҮСУ ТӘРТІБІ

**I. Талапкерлердің 100% жеңілдік түрінде грант алу мүмкіндігі бар Жоғары білім беретін автономды коммерциялық емес «Еуразиялық кеңістіктегі парламентаралық ассамблеядағы университеті» ұйымы ЖОО-да күндізгі оқу бөліміне түсу тәртібі**

Талапкер Санкт-Петербургке қабылдау үшін құжаттарды ұсынады.

Талапкер қабылдау комиссиясының қабылдау кестесінде белгіленген мерзімде (20-22 тамыз 2018 ж.) Санкт-Петербург университетінде қабылдау емтихандарын тапсырады.

Жалпы пәндер бойынша түсу емтихандары орыс тілінде тестілеу түрінде жүргізіледі. Шығармашылық сынақ шығармашылық байқау түрінде өткізіледі.

Грант тестілеуден өту кезінде 180-нен кем емес балл жинаған студенттер үшін 100% жеңілдік түрінде беріледі, төмендегі мамандықтарды қоспағанда 54.03.01 - «Дизайн», 54.03.02 - «Сәндік-қолданбалы өнер» және 54.03.01 - 37.03.01 - «Психология» (Психоанализ) (үш конкурстық пән бойынша балл саны кемінде 270 балл).

Грант бірінші семестрге беріледі. Болашақта грант алушы сессия нәтижесі аяқталғаннан кейін қайта тапсырмаса, «қанағаттанарлықсыз» және «қанағаттанарлық» бағаға ие болған жағдайда және грант алушы сессияның соңында «жақсы» деген бағасы біреуден артық болмаса, автоматты түрде ұзартылады.

Егер конкурстық пәндер бойынша баллдар сомасы тең болса, үміткерлердің рейтингі кіріспе сынақтардың басымдығы негізінде жүзеге асырылады.

Университетте оқитын студенттерге жатақхана 2018 жылдың 10 қыркүйегінен бастап беріледі.

Егер түсу емтихандарының нәтижесі бойынша 180 баллдан аз болса, қатысушы ақылы оқытуға өтініш беруге құқылы.

**II. Талапкерлердің «ЕурАзЭҚ ПАА-да Университетінің» күндізгі оқу бөліміне түсу тәртібі (ақылы)**

Талапкер университеттің Қазақстандағы өкілдіктеріне түсу үшін құжаттарды ұсынады (Қабылдау сынақ кестесін қараңыз).

Қабылдау сынақ кестесімен белгіленген мерзімде талапкер Қазақстандағы университеттің өкілдіктеріне түсу емтихандарын тапсырады (құжаттарды 2018 жылдың 25 тамызына дейін тапсырған кезде).

Қабылдау емтихандары жалпы пәндер бойынша орыс тілінде тестілеу түрінде жүргізіледі.

Университетке түскен студенттерге жатақхана 2018 жылдың 10 қыркүйегінен бастап беріледі.

Оқуға түсу емтихандарының нәтижесі бойынша, түсу емтихандарының сәтті аяқталғанын растайтын минималды ұпайларды жинау керек (ең төменгі ұпайларды төменде қараңыз).

**III. Талапкерлерді ANO VO «ЕурАзЭҚ ПАА-дағы университетінің» қашықтықтан білім беру технологиясын қолдану арқылы сырттай оқу түріне түсу тәртібі (ақылы)**

● Талапкер университетке түсу үшін құжаттарын Қазақстандағы өкілдіктеріне ұсынады (Қабылдау сынақ кестесін қараңыз). Қашықтықтан білім беру технологияларын қолдану арқылы сырттай оқу үшін талапкерлерге келесі мамандықтар бойынша оқуға түсу мүмкіндігі беріледі:

- Экономика;
- Менеджмент;
- Бизнес-информатика;
- Юриспруденция;
- Психология;
- Жарнама және қоғаммен байланыс;
- Туризм.

Талапкер қабылдау сынақ кестесімен белгіленген мерзімде (құжаттарды тапсыру кезінде) университеттің Қазақстандағы өкілдіктеріне түсу емтихандарын тапсырады.

Қабылдау емтихандары жалпы пәндер бойынша орыс тілінде тестілеу түрінде жүргізіледі.

Оқуға түсу емтихандарының нәтижесі бойынша, түсу емтихандарының сәтті аяқталғанын растайтын минималды ұпайларды жинау керек (ең төменгі ұпайларды төменде қараңыз).

### ТҮСУ ЕМТИХАНДАРЫНЫҢ ТІЗБЕСІ МЕН ТҮРЛЕРІ

Жалпы орта және кәсіптік білім негізінде бакалавриат пен мамандандырылған бағдарламаларға түсетін шетел азаматтары мен азаматтығы жоқ адамдар үшін (негізгі пәнге ерекше назар аударылады):

| Білім деңгейі | Код | Атауы | Түсу емтихандары |
|---|---|---|---|
| Бакалавриат | 37.03.01 | Психология | Орыс тілі. Биология |
| Бакалавриат | 37.03.01 | Психология (профиль «Психоанализ») | Орыс тілі. Биология. Қоғамтану |
| Бакалавриат | 37.03.02 | Конфликтология | Орыс тілі Қоғамтану |
| Бакалавриат | 40.03.01 | Юриспруденция | |
| Бакалавриат | 42.03.01 | Жарнама және қоғаммен байланыс | |
| Бакалавриат | 38.03.01 | Экономика | Орыс тілі Математика |
| Бакалавриат | 38.03.02 | Менеджмент | |
| Бакалавриат | 38.03.05 | Бизнес-информатика | |
| Бакалавриат | 38.03.06 | Сауда ісі | |
| Бакалавриат | 43.03.01 | Сервис | |
| Бакалавриат | 43.03.02 | Туризм | Орыс тілі. Тарих |
| Бакалавриат | 54.03.01 | Дизайн | Орыс тілі Әдебиет Шығармашылық сынақ |
| Бакалавриат | 54.03.02 | Сәндік-қолданбалы өнер және қолөнер | |
| Специалитет | 38.05.02 | Кеден ісі | Орыс тілі. Қоғамтану |

### Жоғары білім беретін автономды коммерциялық емес «Еуразиялық кеңістіктегі парламентаралық ассамблеядағы Университеті» ұйымына ТҮСУ ЕМТИХАНДАРЫНЫҢ КЕСТЕСІ

| Түсу емтиханы | Оқу түрі | Өткізу уақыты | Өтетін орны |
|---|---|---|---|
| **100% жеңілдік түрінде грант алу мүмкіндігі** бар түсу емтихандары | | | |
| Жалпы пәндер бойынша түсу емтихандары | Күндізгі | 20.08.2018 - 21.08.2018 | Санкт-Петербург, Смолячкова көш., д.16 |
| «Дизайн» және «Декоративті-қолданбалы өнер және қолөнер» дайындау бағдарламалары бойынша шығармашылық және кәсіби сынақтар | Күндізгі | 22.08.2018 | |
| **Ақылы оқуға түсу үшін** қабылдау емтихандары | | | |
| Жалпы пәндер бойынша түсу емтихандары | Күндізгі | 25.08.2018 дейін құжат тапсырған жағдайда | Астана, А.Жұбанов көш., д. 7, Атырау, Студентческий пр., д. 212 Алматы, Наурызбай батыр көш., 9 |
| «Дизайн» және «Декоративті-қолданбалы өнер және қолөнер» дайындау бағдарламалары бойынша шығармашылық және кәсіби сынақтар | Күндізгі | | |
| Жалпы пәндер бойынша түсу емтихандары | Сырттай (қашықтықтан оқыту технологияларын қолдану арқылы) | Құжат тапсырған жағдайда | |

### Ақылы бөлімге түсу емтихандарын табысты аяқталғанын растайтын баллдардың ең төменгі саны

| Түсу емтиханы | Төменгі балл |
|---|---|
| Орыс тілі | 36 |
| Математика | 27 |
| Биология | 36 |
| Тарих | 32 |
| Шет тілі | 22 |
| Қоғамтану | 42 |
| Әдебиет | 32 |
| «Дизайн» және «Декоративті-қолданбалы өнер және қолөнер» салаларындағы бағдарламалар үшін шығармашылық сынақ | 50 |

РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ

# ҚЫЗЫЛҚҰМНЫҢ ҚОЙНАУЫНАН ҚҰТ ТАПҚАН

Өткен ғасырдың алпысыншы жылдары Қазақстанда қой шаруашылығы екінші тың аталып, саланы дамытуға мемлекет тарапынан көп көңіл бөлінгені белгілі.

Осыған сәйкес, арнайы бригадалар, фермалар, тіпті кеңшарлар құрылып, қой шаруашылығын дамыту ісі қарқын алды. Мысалы, 1964 жылы Қармақшы ауданының орталығы Жосалы кентінен бір жүз алпыс шақырым жерде «Жаңақала» атты кеңшардың қазығы қағылған. Ел азаматтары ұшқан құстың қанаты, жортқан құланның тұяғы тозатын құм қойнауындағы жаңа шаруашылықты берекелі мекенге айналдыру үшін барын салды. Жаңадан ұйымдасқан шаруашылыққа жастарды тарту жұмыстары жүйелі жүргізілді. Солардың қатарында Әділбек Қайруллаев та болды.

Қызылорда облысының мемлекеттік архивіндегі Социалистік Еңбек Ерлері қор коллекциясында мал шаруашылығының дамуына айрықша үлес қосқан шопан, өз дәуірінің еңбек майталманы Әділбек Қайруллаевтың өмірбаяны, жеке іс парағы, ол туралы газет беттерінде жарияланған мақалалар сақталған.

Әділбек Қайруллаев 1938 жылы 25 ақпанда бұрынғы «Қосарық» ауылдық кеңесінде дүниеге келген. 1953 жылы ауылдағы мектепті бітірген бозбала шопан әкесіне қолқанат болды.

Өз алдына жеке отар қой алып, шопандық міндетке кіріскен жас Әлібек атакәсіп арқауын жарасымды жалғастырды. Әкеден алған тәлімін тәжірибеге айналдырып, Қарақұмның қойнауынан құт тапты.

Қазақ КСР-і Жоғарғы Кеңесі Президиумының 1963 жылы 19 ақпандағы Жарлығымен қой шаруашылығын өркендетуде, оның өнімділігін арттыруда жеткен табыстары үшін Әділбек Қайруллаев Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің грамотасымен марапатталды. 1965 жылы коммунистік партия мүшелігіне өтіп, облыстық кеңеске депутат болып сайланды.

Архив қорындағы деректер осы жылдары жас шопанның әрбір қойдан 3 келіден жүн қырқып, әр жүз аналықтан 160-қа дейін төл алғанын айғақтайды. Аса құнды қаракөл терісін бірінші сортпен мемлекетке өткізген қойшының еңбегі сол дәуір дәстүріне сай марапатсыз қалған жоқ.

Құм қойнауындағы қой шаруашылығының қанат жаюына үлкен үлес қосқан Әділбек Қайруллаевқа КСРО Жоғарғы Кеңесінің Жарлығымен 1966 жылы 22 наурызда Социалистік Еңбек Ері атағы берілді.

Ерен еңбек иесі ел экономикасын көтеруге ұшан-теңіз үлес қосумен қатар облыстың қоғамдық өміріне белсене араласты. Ол өз қатарларына, өзінен кейінгі жастарға үлгі болды. Аса жоғары атақ алған тұстағы «бұл зор құрметке тек қана мен ие болып отырғаным жоқ, бұл ұжым мүшелеріне ортақ қуаныш. Өйткені, табыс біздің бәріміздің күш-жігеріміздің бірлігінен туып отыр. Алдағы уақытта да аянбай еңбек ете береміз. Жастарды екінші тың – қой шаруашылығын игеруге шақырамын» дегені осы сөзімізге дәлел болса керек.

Жиырма сегіз жасында жоғары марапат иеленіп, Еңбек Ері атанған Әділбек Қайруллаевтың есімі 1967 жылы Қазақстан Жастар одағының Құрмет кітабына енгізілді, 1971 жылы ол социалистік жарыстардағы жетістігі үшін БЛКЖО ОК-нің Құрмет грамотасымен, 1985 жылы КСРО Ауыл шаруашылығы министрінің дипломымен, 1988 жылы өндірістегі үлкен жетістіктері үшін Құрмет грамотасымен марапатталды.

Бүгінде ел Әділбек Қайруллаевты егемен еліміздің іргетасын берік қалау ісіне белсене араласқан дарынды азамат ретінде таниды.

«Жігітке жеті өнер де аз» деген қанатты сөзді дәлелдегендей даңқты шопан қой шаруашылығынан бөлек атадан қалған асыл өнер – ат баптаудың қыр-сырын білген, Сыр сүлейлерінің шығармаларын жатқа айтып, насихаттаушылардың бірі болған.

Ол өмірінің соңғы жылдарын Қызылорда қаласында өткізіп, 2000 жылы тамыз айында өмірден өтті. Қазір облыс орталығында Қызылқұмның қойнауын құт мекенге айналдырған азаматтың атында көше бар.

Елді ізгілікке үнемі үндейтін Елбасының «Жалпыға Ортақ Еңбек Қоғамы» идеясы бүгінгі қоғамдық санада еңбек адамдарын құрметтеу арқылы жастарға ел дамуы тек еселі еңбекпен ғана шындыққа айналатынына ұғындыру керектігіне назар аудартады. «Әлемнің әміршісі – еңбек» деп қартайғандағы зейнетті жас күндегі бейнеттен іздеу заңды құбылыс. Өйткені ер дәулетін еңбектен іздеген. Қай кезде де жұмысшы адамның ерен еңбегі дәріптеліп, қоғамда еселі еңбек еткен адамдарға ер атағы берілген. Ендеше биыл туғанына 80 жыл толып отырған даңқы шопанның қоғам байлығын еселеудегі ерен еңбегі, ұрпақ тәрбиесіндегі озық ұлағаты ел жадында мәңгі қала бермек.

**А.ӘЛИАСҚАРОВА,**
**облыстық мемлекеттік архивінің ғылыми анықтамалық аппарат жүйесін құру, құжаттарды ғылыми пайдалану және жариялау бөлімінің археографы.**

BOLJAM

# ЕЛ ЭКОНОМИКАСЫНЫҢ ӨСІМІ ҚАЛЫПТЫ БОЛАДЫ



Дүниежүзілік банк сарапшылары 2018 жылы Қазақстан экономикасының өсімі 2,6% болады деп болжаған еді. Бұл әлем экономикасы әлі айыға қоймаған дағдарыс жағдайында қанағаттандырарлық көрсеткіш болып табылады.

Дүниежүзілік банк 2018 жылға арналған әлемдік экономиканың перспективалары туралы баяндамасында осындай болжам жасады. Баяндамада Қазақстан экономикасының өсу қарқыны қалыпты болады делінген. Нақтырақ айтсақ, мұнай өндіру көлемінің ұлғаюы және салықтық-бюджеттік ынталандыру секілді бір реттік шаралар тиімділігінің әлсіреуіне байланысты Қазақстан экономикасының өсімі 2,6% деңгейінде қалыптасады деп жазылған. Жалпы, банк сарапшыларының болжамынша, 2017 жыл күткендегіден әлдеқайда табысты болған. Осының нәтижесінде 2018 жылы әлемдік экономиканың өсу қарқыны 3,1%-ке дейін жетуі мүмкін. Мұндай өсім инвестициялардың одан әрі қалпына келуінің және сауда, өнеркәсіп салаларындағы серпілістің, сондай-ақ шикізат бағасы тұрақтылығының нәтижесінде мүмкін болмақ.

Биыл әлемнің дамыған елдерінде экономикалық өсім қарқыны сәл төмендейді. Бұған орталық банктердің дағдарыстан кейінгі қаржылық ынталандыру бағдарламаларын кезең-кезеңімен қысқартуы және оларды тұрақтандыру үшін бөлінген инвестициялар көлемінің өзгеруі әсер етеді. Ал нарықтық экономика қалыптасып жатқан елдер мен дамушы мемлекеттердегі экономиканың өсу қарқыны жалпы алғанда 2018 жылы 4,5%-ке дейін өседі.

Сарапшылардың болжамынша, мұндай өсімге мемлекеттердегі іскерлік белсенділіктің үздіксіз қалпына келуінің нәтижесінде қол жеткізіледі. «Әлемдік экономиканың өсу қарқынының барынша қалпына келтірілуі көңілге сенім ұялатады. Алайда қазір тоқмейілситін уақыт емес. Себебі бүгінде адами және физикалық капиталдарға инвестиция салуға тамаша мүмкіндік туып отыр. Егер әлем саясаткерлері осынау маңызды инвестицияларға көңіл аударса, онда мемлекеттер өнімділікті еселеп, экономикалық белсенді халықтың үлесін айтарлықтай арттыра алады», – деп мәлімдеді дүниежүзілік банк тобының президенті Джим Ён Ким. Дүниежүзілік банк сарапшыларының болжамына сүйенсек, 2018 жыл қаржылық дағдарыстан кейін әлемдік экономика толық қуатта жұмыс істейтін алғашқы жыл болмақ. Десе де, мемлекеттер қысқамерзімді болашақта экономикалық өсімді ынталандырудың жолдарын қарастыруы керек. «Жұмыссыздық көрсеткіші дағдарысқа дейінгі деңгейге қайта оралды. Дамыған және дамушы елдердің экономикалық жағдайы жақсаруда. Соған қарамастан, саясаткерлер экономикалық өсімді қолдаудың жаңа тетіктерін табу қажеттігі атап көрсетілуде», – деді Дүниежүзілік банктің экономикалық даму перспективаларын зерттеу департаментінің директоры Айхан Косе.

Жалпы, Еуропа және Орталық Азия өңіріндегі экономикалық өсім 2017 жылғы болжамнан асып түсіп, 3,7%-ті құраған. Ал 2016 жылы бұл көрсеткіш небәрі 1,7%-ке тең болған екен. Мұндай жетістікке қол жеткізу 2014 жылы мұнай бағасының күрт төмендеуінен кейін үшжылдық өте баяу өсімнің нәтижесінде мүмкін болды. Бұл ретте шикізатты импорттайтын елдерде де, экспорттайтын елдерде де өсім байқалған. Ал экономикалық белсенділікті қалпына келтіруге ықпал еткен негізгі факторлар – жеке тұтыну және инвестициялар болып табылады. Сарапшылардың пікірінше, Еуропа және Орталық Азия өңірінде экономикалық өсімі күрт артқан мемлекеттің бірі – Қазақстан. Біздің елдегі өсім 2016 жылы 1,1%-ке тең болса, былтыр 3,7%-ті құрады. Мұндай елеулі өсім «Қашаған» кен орнындағы мұнай өндіру көлемінің ұлғаюына байланысты болды. Мұнай экспорттаушы елдер ұйымының (ОПЕК) мүшелері қол жеткізген мұнай өндіруді қысқарту туралы келісімнің «Қашағанға» қатысы жоқ екенін атап өткіміз келеді. Банктің болжамынша, 2018 жылы Еуропа және Орталық Азия өңірінде экономикалық өсім қарқыны 2,9%-ке дейін төмендейді. Осындай жағдайда Қазақстан экономикасындағы қалыпты өсім көңілге сенім ұялатады.

**PS.** Тағы айта кетейік, бұл сарапшылар болжамы. Алайда 2018 жылдың бірінші жартыжылдығында Қазақстандағы ішкі жалпы өнім өсімі 4,1 % құрап, Дүниежүзілік банк өкілдері болжамынан асып түсті. Оған инфляцияның баяулауы мен инвестициялық белсенділік оң ықпал жасады.

**Әзірлеген Ж.ӘЛМАХАН.**



# КАМЕРАЛДЫҚ БАҚЫЛАУ ТӘРТІПТІ ТАЛАП ЕТЕДІ

ҚР 2015 жылғы 12 қарашадағы №392-V «Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау туралы» Заңының 14-бабында ішкі мемлекеттік аудит жөніндегі уәкілетті органның құзыреті белгіленген. Онда тәуекелдерді басқару жүйесінің бірі болып айқындалған тәртіппен камералдық бақылауды жүзеге асыру көрсетілген.

Осыған орай, облыс бойынша ішкі мемлекеттік аудит департаменті өз жұмысын ҚР Заңында белгіленген өкілеттіктер шегінде жүзеге асыруда.

Заңмен бекітілген тәртіпке сәйкес камералдық бақылау нәтижелері бойынша бұзушылықтар анықталған жағдайда ішкі мемлекеттік аудит жөніндегі уәкілетті орган бойынша анықталған бұзушылықтарды жою туралы хабарлама ресімдейді. Бұзушылықтар анықталған күннен бастап бес жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде растайтын материалдармен қоса мемлекеттік аудит объектілеріне жолданады. Уәкілетті органның хабарламасы тапсырылған (алынған) бастап он жұмыс күні ішінде мемлекеттік аудит объектісі орындауға тиіс.

Жыл басынан бері алты айда облыс бойынша ішкі мемлекеттік аудит департаменті тарапынан 24263 лот бойынша 200.0 млрд теңгеге камералдық бақылау жасалды. Нәтижесімен 703 лот бойынша 14,5 млрд теңгеге мемлекеттік сатып алу бойынша анықталған бұзушылықтарды жою мақсатында тапсырыс берушілерге хабарламалар жолданды.

Мемлекеттік сатып алу заңнамасының талаптарын бұзуға алдын ала жол берілмеу шаралары қолданылды.

Бұзушылықтарды жою туралы хабарламаның белгіленген мерзімде орындалмауы мемлекеттік аудит объектілерінің бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органда ашылған кодтары мен шоттары, сондай-ақ, мемлекеттік аудит объектісінің банк шоттары (корреспонденттік шоттарды қоспағанда) бойынша шығыс операцияларын ҚР заңнамалық актілерінде белгіленген тәртіппен тоқтата тұруға әкеп соғады.

Сол себепті мемлекеттік сатып алу бойынша тапсырыс берушілерге заңда белгіленген тәртіппен жұмыс жасау қажеттігін айтқымыз келеді.

**Қайрат ҚАМЗАЕВ.**
**облыс бойынша ішкі мемлекеттік аудит департаментінің бас маманы, мемлекеттік аудитор.**

# НӘУБЕТКЕ ТҮСКЕН ӘУЛЕТ



Президенттің бес әлеуметтік бастамасының негізінде Қараөзектен Жезқазған (Қарсақпай) арқылы Астанаға газ магистралін тарту ісі қолға алынып жатыр. Құдай қаласа, таяу жылдары Алаштың анасы Сырдан Елордаға көгілдір от барады.

Қарсақпай мен Қараөзек. Бірі – Қыр, екіншісі – Сыр. Ноғайлық кезеңіндегі нақышпен айтсақ, бірі – Қырым, екіншісі – Сырым. Екеуі де біздің әулеттің тарихына тікелей қатысы бар өлке. Әулеттің қыс қыстауы – Қараөзек, жаз жайлауы – Қарсақпай-Ұлытау, шыққан тайпасы – Тарақты, оның ішінде Жәші тармағы.

Қараөзек – Сырдария өзенінің Қызылорда шаһарынан 20-25 шақырым шыққаннан кейінгі төменгі ағысында оң жағалаудан қырға қарай бөлініп шығады да, 100 шақырымнан аса дариямен жапсарласа ағып барып, Қармақшы кентіне жақындаған тұста қайта қосылатын Сырдың бір саласы. Халық «өзек» деп атап кеткен өзен мен дария ортасы үлкен қолтық құрап, табиғи тұрғыдан мал бағуға ыңғайлы қоныс ретінде қазаққа қадірлі болған.

Менің атам Әбсадықтың әкесі Барақ тұсында әулет Қарсақпай маңына тұрақтап, Найман жұртымен қоныстас болады. Оның себебі мынада екен: Барақ атамыз Найман еліндегі бір бай кісінің жалғыз қызына үйленеді. Қайын атасы қызының қоныстан алыстап кетуін қаламай, күйеу баласына Қырда бірге көшіп-қонып жүруді өтінеді. Атамыз Барақ қайын атасының өтінішін жерге тастамай, Қарсақпайда қалады. Сөйтіп, Найман жұртымен бірге елдің жайлауы етіп Ұлытауды, қыстауы етіп Сарысу маңын жайлайды. Ертеректе Қарсақпайдың маңында «Барақ көңі» деген жер бар деп еститінбіз. Қазір оны білетін адамдар Жезқазған маңында қалды ма, қалмады ма, бейхабармыз.

Ал әулеттің қолындағы малын саудасаттыққа салатын, керек-жарағын алатын базары – Есіл бойындағы Атбасар.

Көкем Әбсадық айтатын: «Қарсақпайда жаз жайлап, күз болар уақытта Атбасардағы базарға мал айдап барып, саудасаттық жасайтынбыз. Үлкендер жағы ірі малды, жасөспірімдер қой-тоқты айдайтын едік. 15-16 жасар кезім. Базарға мал айдаған кісілерге қосылдым. Жаздың соңына қарай шыққанбыз. Мидай жазық даланың үстінде малды жая отырып, Атбасарды бетке алып кете бардық. Бір күні алдымыздан пәуеске арба көрінді. Бізді басқарып келе жатқан кісі оқтай озып барып пәуескеге жолықты. Сәлден кейін қайтып келіп: «Осы жерде кідіреміз. Мына пәуескеде қазақтың қадірлі азаматы Ахаң – Ахмет Байтұрсынұлы Орынборға қарай жол тартып барады екен. Сол кісіге қонақасы береміз», – деді. Дереу тоқтап, бір семіз тоқтыны сойып, қонақасы дайындадық. Ас піскенше Ахаң біраз әңгіме айтты. Баламыз ғой, көп нәрсе есте қалмапты. Бір есімде қалғаны – оның қазақтың денсаулығына қатысты айтылған сөзі. Ахаңның: «Таза ауада, табиғат аясында жүріп мал баққан қазақтың денсаулығы мықты болуға тиіс. Оның басты себебі қазақ малдың етін жейді, мал далада жайылып сүйген шөбін жейді. Ал дүниедегі дәрі-дәрмектің барлығы шөптен жасалады»,- деген сөзі құлағымда қалыпты...

Әбсадықтың кіндігінен тараған он баланың бірінің есімі – Ахмет. Біз, осы естеліктің авторы, Әбсадық баласы Ахметтен тараймыз. Қазіргі күні атамыз бұл есімді баласына сол Ахаңның құрметіне қойса керек деп болжаймыз. Бірақ ол туралы өзі ешқашан айтқан емес. Бәлкім, айтуға қорыққан шығар. Себебі «халық жауы» атанған Ахаңның атын атау кеңес дәуірінде кім-кімге болса да оңай болмағаны белгілі. Оның үстіне өзінің кәмпескеге ілінгені, колхозға кірмей саяқ жүргені бар. Қаһары қатты үкіметтен шын мәнінде қаймықса керек.

Барақ момын, бірақ шаруаға пысық, мұсылманшылдыққа берік кісі болған. Арғы атамыздың қатты ашуланғанда айтатын ең зілді дауысы «Жау алғырлар-ай!» деген сөз екен. Өзінің кіндігінен тараған бес баланы маңына үйіріп, енші бермей, жанында ұстаған. Сол кісіден тараған дәстүрді әулет күні кешеге дейін ұстанып келді. Барақтан Әбназар, Әбсадық, Шаһмардан (Шәкман), Мешітбай, Қонысбай деген бес ұл және бірнеше қыз дүниеге келеді.

Барақ әулетінің Сырға келуі – біздің атамыз Әбсадықтың жігіт шағы тұсында, «үлкен дүрбелең» басталған 1917 жылдардан кейін, шамамен 1921-1922 жылдары болған оқиға. 1917 жылғы Қазан төңкерісінен кейін Қарсақпайдағы мыс кендеріне большевиктер билігі орнап, ағылшындар қожайындық ететін мыс кені тәркіленіп, үкіметке өтеді. Ендігі кезек жекенің қолындағы мал-мүлікке келеді деген сөз кеулей бастайды. Ел арасына бай-кедей деген жік түсіп, байдың малын кедейге алып береді деген сыбыс шығады. Бай-қуатты кісілердің бойын үрей жайлайды. Біздің атамыз Әбсадық ағайындарымен ақылдаса келе, қолдарындағы біраз малды сақтау үшін «Сыр бойында малға тиісу деген жоқ екен» деген ұзынқұлаққа сеніп, атақоныс Қараөзекке көшуді ұйғарады. Оның үстіне әкелері науқастанып, төсек тартып жатып қалады. Науқас Барақты түйеге теңдеп алып, бес ағайын мал-мүліктерімен Сырға қарай бет алады. Арып-ашып Сырдың етегіне жеткен кезде Барақ дүниеден өтеді. Оны арулап сол маңдағы бір төбенің басына жерлейді. Осылайша, қара күздің суығында көш атақоныс – Қараөзекке құлайды.

Қараөзекке бірталай жылқы, түйе сынды ірі малдарымен келген көш бір-екі жылда мал басы тез көбейіп, қора-қора қойы, үйір-үйір жылқысы, түйелері бар бай-дәулетті кісілер қатарына қосылады. Бірақ бұл күн ұзаққа созылмайды. 1928 жыл жетіп, ұжымдастыру науқаны мен бай-құлақтардың малын кәмпескелеу басталады. Тықырдың таянғанын сезген Барақ балалары «ақыры күшпен тартып алады» деп қолдағы малды соя бастайды. Бұл туралы атамыз Әбсадық былай дейтін: «Күнде ірі малды соямыз. Жаңа сойылып жатқан малдың етінен әйелдер дереу қуырдық жасайды, кешкілік көл-көсір ет асылады. Бір қауым болып отырып жейміз. Сонда бір байқағаным: қанша ет асылса да, дастархан басындағы астау тықырлап таусылып қалатын. «Астаудан ас артылмайтыны несі екен? Күнде мал сойып, күнде ет асып жатырмыз ғой. Неге тоймаймыз?» деп ойланатынмын. Сөйтсем, ол ашаршылықтың белгісі екен. Көп ұзамай қатты ашаршылыққа ұшырадық».

Әбсадық атам түскі немесе кешкі ас дастархан басындағыларға толық жетіп, ауқат артылып қалып жатса, қуанатын. Ал табақ тықырлап таусылып қалса, «Асты неге молынан істемедіңдер?» деп кейіп отыратын. Сөйтсек, ашаршылықтың алдында болған сол құбылыс қатты есінде қалып, ас жетіңкіремей қалғанды жаман ырымға балайды екен ғой. Бұған қоса, ол кісі дастархан басында отырып тамақ ішуге аса қатты мән беретін: сыртта әлде бір шаруаларымен жүрген отбасының мүшелері болмаса, үй ішіндегі кісілер толық жиналмай, ас-су ішу басталмайды және ас ішіліп жатқанда ерте тұрып кетуге болмайды.

Еншісі бөлінбеген Барақ балаларына конфискация құрығы қатты тиіп, мал-мүліктері тәркіленеді. Негізгі күнкөрісі мал шаруашылығы болған жұрт ә дегеннен абдырап қалады. Ішер ас, күнкөріс уайым болады. Ақыры оның арты 1931-1932 жылдардағы ашаршылыққа ұласады. Қолдағы бірер-жарым мал таусылған соң, Барақ балалары Қараөзек маңындағы көлдерден қыс күндері келіп ойық ойып, балық аулайтын орыстардың қосынына жалданады. Қазақтар үшін балық аулау тек қыс айында ғана мүмкін болған. Басқа мезгілде балық аулау үшін құрал-сайманның жоқтығы қол байлау болса керек. Қараөзек маңындағы көлдерден сүйменнің күшімен балық аулау әркімнің қолынан келе бермеген. Себебі аш-жалаңаш адамда қандай күш-қуат болсын?

Біздің аталарымыз қиын-қыстау шақта ағайыншылдықтан айырылмай, сол ауыр жұмысқа шыдап, көл басына қос тігіп, сүйменін сүйретіп балық аулайды. Ауланған балықтар арбаға, шанаға жүктеліп, Қараөзек станциясынан вагонға тиеледі. Оның қай жаққа кетіп жатқаны белгісіз. Атам Әбсадық сол бір күндерді еске алып: «Қараөзек маңындағы көлдің балықтары көп әрі семіз еді. Көлдің басына қос тігіп, сүйменмен ойық ойып, ауланған балықтарды төбе-төбе етіп үйе береміз. Одан оны арба немесе шанаға тиеп, станцияға апарамыз. Жейтініміз – балық. Майының қуаты күшті болады екен. Тоңбаймыз. Сырты қалың әрі тығыз қамыспен қапталған қос ішінде түнейміз. Түнде балық майы денемізді қыздырып, көрпеден аяғымызды шығарып жататын едік», – деп отыратын.

Атам Әбсадық 1978 жылға дейін Қызылорда гидроузелінің салынуына байланысты пайда болған Тасбөгет кентінен 7 шақырымдай жердегі Тасарық деген мекенде жеке мал шаруашылығымен айналысып келді. Ашаршылықтан кейін де атамызға мал біткен. Бірақ оны соғыс жылдары, военкомның айтуымен, майданға самолет жасау үшін үкіметке өткізген (екінші кәмпеске деп есептей беріңіз). Өткізген малдарының орнына үкімет заем берген. Тасарықта жаз жайлау етіп Сырдария өзенінің бір алқабын жайлап, сол жайлаудан 1,5-2 шақырымдағы қыр үстіндегі қам кесектен салынған үй-жайды, қора-қопсыны қыстау етіп отырды. Қазақта «Ашаршылықта жеген құйқаның дәмі кетпес» деген сөз бар емес пе? Бірақ атамыз өзін ашаршылықтан алып қалған балыққа аса жақын болмады. Іргедегі Сырдарияның балығына селсоқтық танытты. Дария-көлден ұстап алып келген балықты да онша жемейтін. Бәлкім, сол бір ашаршылық кезінде бірыңғай балық жегеннен «шығып кетсе» керек.

Әлқисса, көктем шыға жаңағы орыстар құрған қосын тарап, бұларды ашаршылық тағы қыспаққа алады. Енді Барақ балалары Қызылорда шаһарында ашылған кірпіш зауытқа отын апарса, ақысына тамақ, азық-түлік береді дегенді естіп, Қараөзектен 20-25 шақырым жердегі қалаға қарай жылжиды. Қаланың іргесіндегі сексеуілі, жыңғылы қалың жерге келіп, қос тігіп, кірпіш зауытқа отын дайындайды. Ағайындылардың қара жұмысқа шыдамдылары – Әбсадық, Шәкман, Мешітбай бірыңғай отын дайындап, денсаулығында дімкәстық бар Әбназар мен күші аз, жас Қонысбай оны тасып тұрады. Зауыт отынға алғашқыда қолма-қол азық-түлік, кейін, тіпті, ақша да бере бастайды. Осылайша, бес ағайынды бауырлардың тізе қосып, жанталаса тірлік етуінің арқасында әулеттің бас көтерер бар азаматтары қазақты қынадай қырған аштықтан аман қалады.

«Алтын шыққан жерді белден қаз» дгендей, аталарымыз ашаршылықтан аман алып қалған Қызылорда шаһарының маңайын мекен етіп қалады. Осы жерде өсіп-өнеді. Қазіргі таңда сол бес шалдан тараған 100-ден аса ұрпақтың дені Қызылорда маңында тұрады. ІІ-ші герман-орыс соғысына (Әбсадық атамыз осылай атайтын) бес ағайындының үшеуі – Шәкман, Мешітбай, Қонысбай аттанады. Қонысбай Барақұлы хабар-ошарсыз кетіп, Шәкман мен Мешітбай жараланып, елге оралады. Соғыс жылдары мен оның кейінгі әулет тарихы ол бір бөлек, көргендердің көзі бар, дерегі мол әңгіме...

**Алмасбек ӘБСАДЫҚ.**
Қостанай қаласы.

# "7-20-25" жаңа ипотекалық бағдарламасы туралы

Биыл наурыз айында Мемлекет басшысы Қазақстан халқының әл-ауқатын жақсартуға бағытталған бес әлеуметтік бастама ұсынды.

«Әрбір отбасына баспана алудың жаңа мүмкіндіктерін беру» атты бірінші бастаманы іске асыру шеңберіндегі осы жылғы мамырда Қазақстан Ұлттық Банкі «7-20-25» жаңа ипотекалық бағдарламасын бекітті, «Баспана» компаниясын құрды және 21-ші маусымда Парламент Сенаты бағдарламаны тиімді іске асыруға қажетті түзетулерді қамтитын заң жобасын қабылдады.

7-20-25 бағдарламасы халықтың жағдайын жақсарту үшін әзірленген.

Ипотеканы өз атында үйі жоқ, жұмыс істейтін немесе жеке кәсіпкерлікпен айналысатын адамдар да ала алады.

Ипотеканың жылдық ставкасы 7 пайыз, алғашқы жарнасы 20 пайыз, мерзімі 25 жылға дейін деп белгіленді.

Осы бағдарлама аясында 2022 жылға дейін, бір триллион теңге несие беріледі деп жоспарлануда.

Бүгінгі таңда Қазақстан бойынша Астана, Алматы, Атырау және Ақтау қалаларында үйдің ең жоғары бағасы 25 миллион теңге, басқа өңірлерде 15 миллион теңге деп белгіленді.

Қазақстандағы 7 банк осы бағдарламаға қосылғандарын растады, олар Центркредит Банк, Евразиялық Банк, АТФ Банк, ЦеснаБанк, Халық Банк, РБК Банк және Қазақстанның тұрғын үй құрылысы жинақ банкі. Сбербанк пен Форте банк осы бағдарламаға қосылу мәселелерін талқылауда.

Бағдарламаның механизмі қиын емес. Банктер халыққа несие береді, ал «Баспана» ол несиені банктен сатып алады. Бұл халыққа да, банктерге де тиімді. Сондықтан 7-20-25 бағдарламасы барлығына қолайлы болады.

**Қажетті құжаттар тізімі:**

1) еңбек немесе кәсіпкерліктен түсетін табысты растайтын құжаттар;

2) Ипотекалық жылжылмайтын мүлік үй қарыздарының жоқтығын дәлелдейтін кредиттік бюроның кредиттік есебі;

3) меншік құқығындағы тұрғын үйдің болмауын растайтын анықтама (Халыққа қызмет көрсету орталығында беріледі);

4) сатып алынатын тұрғын үйдің құжаттары;

5) сатып алынатын тұрғын үй құнын анықтайтын тәуелсіз бағалаушының бағалау есебі.

**Құны 5 млн – 25 млн теңге болатын тұрғын үй бойынша ай сайынғы төлемнің мөлшері**

| Тұрғын үй құны, теңге | Бастапқы жарнаның мөлшері, теңге | Ай сайынғы төлем мөлшері, теңге |
|---|---|---|
| 5 млн. | 1 млн. | 28 мың |
| 10 млн. | 2 млн. | 57 мың |
| 15 млн. | 3 млн. | 85 мың |
| 20 млн. | 4 млн. | 113 мың |
| 25 млн. | 5 млн. | 141 мың |




ЖОБА

## Су қорғау аймақтарын, белдеулерін және оларды шаруашылықта пайдалану режимін белгілеу туралы

«Қазақстан Республикасының Су Кодексі» Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 9 шілдедегі Кодексінің 116-бабының 2-тармағына сәйкес Қызылорда облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Белгіленсін:

осы қаулының 1-қосымшасына сәйкес бекітілген жобалау құжаттамасы негізінде Қызылорда облысының Арал, Қазалы, Қармақшы, Жалағаш, Сырдария, Шиелі аудандары және Қызылорда қаласындағы су объектілерінің су қорғау аймақтары мен белдеулері;

осы қаулының 2-қосымшасына сәйкес Қызылорда облысының Арал, Қазалы, Қармақшы, Жалағаш, Сырдария, Шиелі аудандары және Қызылорда қаласындағы су объектілерінің су қорғау аймақтары мен белдеулерінің шаруашылықта пайдалану режимі.

2. Қызылорда облысының Арал, Қазалы, Қармақшы, Жалағаш, Сырдария, Шиелі аудандары мен Қызылорда қаласының әкімдері, «Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Су ресурстары комитетінің Су ресурстарын пайдалануды реттеу және қорғау жөніндегі Арал-Сырдария бассейндік инспекциясы» республикалық мемлекеттік мекемесі (келісім бойынша) осы қаулыдан туындайтын шараларды қабылдасын.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Қызылорда облысы әкімінің орынбасары С.С.Қожаниязовқа жүктелсін.

4. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

**Қызылорда облысының әкімі** **Қ. Көшербаев.**

КЕЛІСІЛДІ

«Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі
Су ресурстары комитетінің
Су ресурстарын пайдалануды реттеу және қорғау жөніндегі
Арал-Сырдария бассейндік инспекциясы» Республикалық
мемлекеттік мекемесінің басшысы
________________ Ә. Қарлыханов
2018 жылғы « ___ » ____________

Қызылорда облысы әкімдігінің
2018 жылғы «___» ________ № ___ қаулысына
1-қосымша

Қызылорда облысының Арал, Қазалы, Қармақшы, Жалағаш, Сырдария, Шиелі аудандары және Қызылорда қаласындағы су объектілерінің су қорғау аймақтары мен белдеулері

| № | Су объектілерінің атауы | Әкімшілік-аумақтық бірліктердің атауы (қала, аудан, ауыл) | Су қорғау аймағы мен белдеулерінің көлемі, га | Су қорғау аймағының ені, метр | Су қорғау белдеуінің ені, метр |
|---|---|---|---|---|---|
| 1 | Арал теңізі | Арал ауданы Бөген ауылдық округі | 31266,300 | 500 | 35 |
| 2 | Қарашалаң көлі | Арал ауданы Бөген ауылдық округі | 3410,42 | 500 | 35 |
| 3 | Жалаңаш көлі | Арал ауданы Қосжар ауылдық округі | 1594,03 | 500 | 35 |
| 4 | Қаязды – Бидайкөл көлі | Арал ауданы Қосжар ауылдық округі | 1182,88 | 500 | 35 |
| 5 | Лайкөл көлі | Арал ауданы Райым ауылдық округі | 1467,75 | 500 | 35 |
| 6 | Ақшатау – Сорғақ көлі | Арал ауданы Райым ауылдық округі | 2428,53 | 500 | 35 |
| 7 | Қаракөл көлі | Арал ауданы Райым ауылдық округі | 1366,05 | 500 | 35 |
| 8 | Суыққөл көлі | Арал ауданы Райым ауылдық округі | 200,09 | 500 | 35 |
| 9 | Райым көлі | Арал ауданы Райым ауылдық округі | 725,16 | 500 | 35 |
| 10 | Алашакөл көлі | Арал ауданы Райым ауылдық округі | 598,68 | 500 | 35 |
| 11 | Шөмішкөл көлі | Арал ауданы Райым ауылдық округі | 638,56 | 500 | 35 |
| 12 | Құмкөл көлі | Қазалы ауданы Әйтеке би кенті | 246,11 | 500 | 35 |
| 13 | Қотанкөл көлі | Қазалы ауданы Майдакөл ауылдық округі | 2047,04 | 500 | 35 |
| 14 | Аққөл көлі | Қазалы ауданы Тасарық ауылдық округі | 852,37 | 500 | 35 |
| 15 | Ащыкөл көлі | Қазалы ауданы Арықбалық ауылдық округі | 371,66 | 500 | 35 |
| 16 | Қаракөл көлі | Қазалы ауданы Қызылқұм ауылдық округі | 455,96 | 500 | 35 |
| 17 | Қуандария көлі | Қазалы ауданы Тасарық және Сарыбұлақ ауылдық округтері | 15371,106 | 500 | 35 |
| 18 | Қалғандария көлі | Сырдария ауданы А. Тоқмағанбетов ауылдық округі | 262,52 | 500 | 35 |
| 19 | Таушұқырой көлі | Шиелі ауданы Телікөл ауылдық округі | 401,4 | 500 | 35 |
| 20 | Алабие көлі | Шиелі ауданы Талаптан ауылдық округі | 1599,2 | 500 | 35 |
| 21 | Үлкен барша көлі | Шиелі ауданы Бәйгеқұм ауылдық округі | 439,4 | 500 | 35 |
| 22 | Ханқожа көлі | Шиелі ауданы Жөлек ауылдық округі | 4130,1 | 500 | 35 |
| 23 | Қараөзек арнасы | Қызылорда облысы Қызылорда қаласы, Сырдария, Жалғаш, Қармақшы аудандары | 17200,3 | 500 | 35 |
| 24 | Қалғандария – 200 көлі | Қызылорда облысы Қызылорда қаласы | 341,9 | 500 | 35 |

Қызылорда облысы әкімдігінің
2018 жылғы «___» ________ № ___ қаулысына
2-қосымша

Қызылорда облысының Арал, Қазалы, Қармақшы, Жалағаш, Сырдария, Шиелі аудандары және Қызылорда қаласындағы су объектілерінің су қорғау аймақтары мен белдеулерін шаруашылықта пайдалану режимі

1. Су қорғау аймақтарының шегінде:

1) су объектілерін және олардың су қорғау аймақтары мен белдеулерінің ластануы мен қоқыстануын болғызбайтын құрылыстармен және құрылғылармен қамтамасыз етілмеген жаңа және реконструкцияланған объектілерді пайдалануға беруге;

2) ғимараттарға, құрылыстарға, коммуникацияларға және басқа да объектілерге реконструкция жүргізуге, сондай-ақ құрылыс, су түбін тереңдету және жарылыс жұмыстарын жүргізуге, пайдалы қазбалар өндіруге, кәбіл, құбыр және басқа да коммуникацияларды төсеуге, белгіленген тәртіппен жергілікті атқарушы органдармен, уәкілетті органмен, қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті мемлекеттік органмен, жер ресурстарын басқару жөніндегі орталық уәкілетті органмен, энергиямен жабдықтау және халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласындағы уәкілетті органдармен және басқа да мүдделі органдармен келісілген жобасы жоқ бұрғылау, жер қазу және өзге де жұмыстар жүргізуге;

3) тыңайтқыштар, пестицидтер, улы химикаттар мен мұнай өнімдерін сақтайтын қоймаларды, көлік құралдары мен ауыл шаруашылығы техникасына техникалық қызмет көрсету, оларды жуу пункттерін, механикалық шеберханаларды, тұрмыстық және өнеркәсіп қалдықтарын төгетін құрылғыны, аппаратураларды пестицидтермен және улы химикаттармен толтыратын алаңдарды, авиациялық-химиялық жұмыстар жүргізуге арналған ұшу-қону жолақтарын орналастыруға және салуға, сондай-ақ судың сапасына кері әсер ететін басқа да объектілерді орналастыруға;

4) мал шаруашылығы фермалары мен кешендерін, сарқынды су жинағыштарды, сарқынды сумен суарылатын егістіктерді, зираттарды, мал қорымдарын (биотермиялық шұңқырларды), сондай-ақ жерүсті және жерасты суларының микробпен ластану қаупіне себепші болатын басқа да объектілерді орналастыруға;

5) жүктелім нормасынан асырып мал жаюға, су тоғандарының режимін нашарлататын мал тоғыту мен санитариялық өңдеуге және шаруашылық қызметінің басқа да түрлеріне;

6) су көздеріндегі су кемерінен екі мың метрге жетпейтін қашықтықта орналасқан ауыл шаруашылығы дақылдары мен орман екпелерін улы химикаттармен авиациялық өңдеу және авиация арқылы минералдық тыңайтқыштармен қоректендіру тәсілін қолдануға;

7) концентрациясының жол берілетін шегі белгіленбеген пестицидтерді қолдануға, қардың үстіне тыңайтқыш себуге, сондай-ақ залалсыздандырылмаған көң қосылған сарқынды суды және тұрақты хлорорганикалық улы химикаттарды тыңайтқыш ретінде пайдалануға тыйым салынады.

Су қорғау аймағында мәжбүрлі санитариялық өңдеу жүргізу қажет болған жағдайда уыттылығы әлсіз және орташа тұрақсыз пестицидтерді қолдануға жол беріледі.

2. Су қорғау белдеулерінің шегінде:

1) су объектілерінің сапалық және гидрологиялық жай-күйін нашарлататын (ластану, қоқыстану, сарқылу) шаруашылық қызметіне немесе өзге де қызметке;

2) су шаруашылығы және су жинайтын құрылыстар мен олардың коммуникацияларын, көпірлерді, көпір құрылыстарын, айлақтарды, порттарды, пирстерді және су көлігі қызметіне байланысты өзге де көлік инфрақұрылымдары объектілерін, жаңартылатын энергия көздерін (гидродинамикалық су энергиясын) пайдалану объектілерін, сондай-ақ су объектісіндегі рекреациялық аймақтарды қоспағанда, ғимараттар мен құрылыстарды салуға және пайдалануға;

3) бау-бақша егуге және саяжай салуға жер учаскелерін беруге;

4) су объектілерінің және олардың су қорғау аймақтары мен белдеулерінің ластануын болғызбайтын құрылыстармен және құрылғылармен қамтамасыз етілмеген қазіргі бар объектілерді пайдалануға;

5) жекелеген учаскелерді шалғындандыруға, егін егуге және ағаш отырғызуға арналған жерлерді өңдеуді қоспағанда, топырақ және өсімдік қабатын бұзатын жұмыстарды жүргізуге (оның ішінде жер жыртуға, мал жаюға, пайдалы қазбаларды өндіруге);

6) шатыр қалашықтарын, көлік құралдары үшін тұрақты тұрақтарды, малдың жазғы жайылым қостарын орналастыруға;

7) тыңайтқыштардың барлық түрлерін қолдануға тыйым салынады.

3. Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен келісілген және салалық сараптамалардың түйіндерін қамтитын, құрылыс жобаларына (техникалық-экономикалық негіздемелерге, жобалау-сметалық құжаттамаға) ведомстводан тыс кешенді сараптаманың оң қорытындысы алынған жобалар болмаса, су қорғау аймақтары мен белдеулерінде кәсіпорындар, ғимараттар, құрылыстар мен коммуникациялар салуға (реконструкциялауға, күрделі жөндеуге) тыйым салынады.

## Жекеше әріптесті айқындауда конкурс өткізуді хабарлау және конкурс құжаттарының көшірмесін ұсыну туралы

Қызылорда облысының әкімдігі, «Облыстық денсаулық сақтау басқармасы» МЖӘ арқылы жеке серіктестікті анықтау бойынша конкурс бастау туралы хабарлайды. «Облыстық медициналық орталық» ШЖҚ МКК медициналық техникамен кешенді жарақтандыру»; «Облыстық перинаталдық орталық», «Қызылорда қалалық емханасы», «Облыстық балалар ауруханасы» ШЖҚ МКК медициналық техникамен кешенді жарақтандыру»; «Облыстық онкология орталығы» ШЖҚ МКК медициналық техникамен кешенді жарақтандыру»; жобасы бойынша әлеуетті жеке серіктестерді конкурсқа қатысуға шақырады.

«Облыстық медициналық орталық», «Облыстық перинаталдық орталық»,«Қызылорда қалалық емханасы», «Облыстық балалар ауруханасы», «Облыстық онкология орталығы» медициналық персоналдың қызметіне кейінгі қызмет көрсетуді және оқытуды медициналық жабдықтармен жабдықтауды қамтамасыз етеді.

Қызмет саласы: денсаулық сақтау.

МЖӘ түрі: шарттық МЖӘ.

Жобаның мерзімі: 2018-2022жж.

Әлеуетті жеке серіктестіктің қызметі: медициналық техникамен жабдықтау және сервистік қызмет көрсету бойынша жұмыстарды орындауды қамтамасыз ету.

Болжамды шығындарды өтеу және кірістерді алу көздері: МЖӘ келісімі бойынша инвестициялық шығындарды өтеу және қолжетімділікті төлеу.

Конкурсқа қатысуға біліктілік талаптарына жауап беретін барлық әлеуетті қатысушыларға рұқсат етіледі, «Мемлекеттік жекешелік әріптестік туралы» ҚР Заңының 32-бабында және конкурстық құжаттамада көрсетілген.

Конкурстық құжаттаманың көшірмесін сағ. 9.00-ден бастап 19-00-ге дейін көрсетілген мекен-жайдан алуға болады, Қызылорда қаласы, Абай көшесі 27, «Қызылорда облыстық денсаулық сақтау басқармасы».

Конкурстық құжаттама тегін ұсынылады.

Конкурсқа қатысуға арналған конкурстық өтінімдер, сондай-ақ конверттерде мөрленген біліктілік іріктеу үшін құжаттарды әлеуетті қатысушылар аталған мекен жай бойынша мақсатты түрде ұсынады.

Толық ақпарат алу үшін көрсетілген мекен жайдағы байланыс тел: М.Асанова 8 (771) 087-90-41. М.Айдосова 8(702)922-20-10.

Конкурстық өтінімдер салынған конверттерді ашу 2018 жылғы 13 тамызда аталған мекенжай бойынша жүзеге асырылатын болады.

BRIFING

# ӘЛЕУМЕТТІК МӘСЕЛЕЛЕР ӘРКЕЗ НАЗАРДА

**1 шілдеден бастап мемлекеттік базалық зейнетақыны тағайындау механизмі өзгерді. Бүгінде базалық зейнетақы азаматтың еңбек өтіліне және табысына қарамастан, баршаға бірдей тағайындалады. Өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен баспасөз конференциясында осы және өзге әлеуметтік төлем жүйелеріндегі өзгерістер жайлы еңбек, әлеуметтік қорғау және көші-қон комитетінің облыс бойынша департаменті басшысы Төреахмет Жолымбетов тарқатып айтты.**



Спикердің хабарлағанындай, базалық зейнетақыны тағайындаудың жаңа механизмі 1998 жылдың 1 қаңтарына дейін жинақталған еңбек өтілін және 1998 жылдан кейін жинақтаушы зейнетақы жүйесіндегі кезеңді есепке алады. Облыс бойынша 69,2 мыңнан астам зейнетақы алушының көбейтілген базалық зейнетақы төлемдерінің шешім жобалары уақытылы бекітіліп, шілде айының төлеміне қосылған. Қазірдің өзінде республика бойынша 2 148 000 зейнеткер үшін төлемдерге қажеттілік анықталған.

– Республикалық бюджет комиссиясы бұл мақсатқа 530 млрд теңгеден аса қаржы қарастырып отыр. Барлық базалық зейнетақы төлемін алушылар тікелей электрондық үкіметтің сервистері арқылы жаңа базалық зейнетақы төлемінің мөлшері туралы анықтамалар есептерімен таныса алады. Мемлекет басшысы өзінің 2018 жылдың 10 қаңтардағы Жолдауында Үкіметке 2018 жылдың 1 шілдесінен бастап кәмелетке толған, бала кезінен бірінші топтағы мүгедектерді бағып отырған ата-аналарға қосымша ай сайынғы мемлекеттік жәрдемақы енгізуді тапсырды. Соған сәйкес, жаңадан жәрдемақы тағайындалатын болды. Оның мөлшері күнкөрістің ең төменгі деңгейіне, яғни 29 699 теңгеге тең, – деді департамент басшысы.

Қалай десек те, қоғамнан әлеуметті ажыратып қарай алмаймыз. Мемлекет тарапынан әлеуметтік қолдау жасау – ұлттың көбеюіне, дамуына, әлеуметтің әл-ахуалының жақсаруына сеп. Ал, әлеуметтік міндеттемелер кезең-кезеңімен осылай орындалып отырса, әлеуметтің де әлеуеті артары сөзсіз.

**М.СНАДИНҚЫЗЫ.**

# ХАЛЫҚҚА ТИІМДІ БАҒДАРЛАМА

## ҚР ҰЛТТЫҚ БАНК ҚЫЗЫЛОРДА ФИЛИАЛЫНЫҢ ДИРЕКТОРЫ А.МҰСТАФИННІҢ "7-20-25. ӘРБІР ОТБАСЫНА БАСПАНА АЛУДЫҢ ЖАҢА МҮМКІНДІКТЕРІ" АТТЫ ИПОТЕКАЛЫҚ ТҰРҒЫН ҮЙ НЕСИЕЛЕНДІРУ БАҒДАРЛАМАСЫ ТУРАЛЫ СҰХБАТЫ

**ҚР Ұлттық Банк басқармасының 2018 жылғы 31 мамырдағы №107 қаулысымен «7-20-25. Әрбір отбасына баспана алудың жаңа мүмкіндіктері» атты тұрғын үй ипотекалық несиелендіру бағдарламасы бекітілді. Бағдарлама Мемлекет басшысының 2018 жылғы 5 наурыздағы «Президенттің бес әлеуметтік бастамасы» атты халыққа арнаған үндеуіндегі бірінші әлеуметтік бастамасын жүзеге асыру аясында дайындалған. Атап айтқанда, жылдық сыйақы – 7%, алғашқы төлем – 20%, несие мерзімі – 25 жылға дейінгі параметрлері бар ипотекалық несиені беретін «7-20-25» бағдарламасын іске қосу тапсырмасы болды.**

**Бағдарлама ипотекалық тұрғын үй несиесін берудің негізгі шарттарын, бағдарламаға қатысу үшін несие алушылар мен банктерге арналған талаптарды, сондай-ақ бағдарламаны табысты жүзеге асыру үшін заң актілері деңгейінде қабылданатын шараларды анықтайды.**

*– Бағдарлама бойынша ипотекалық несиеге кімдер үміттене алады? 1-2 топ мүгедектері бағдарламаға қатыса ала ма?*

– Бағдарлама тұрғын үй ипотекасының халыққа қолжетімділігін арттыруға бағытталған. Оған Қазақстан Республикасының жұмыс істейтін және өзін жұмыспен қамтыған тұрақты табысы дәлелденген кез келген азаматы қатыса алады.

Бағдарламаға Қазақстан Республикасының жұмыстан немесе кәсіпкерлік қызметтен табыс тауып отырған, сондай-ақ меншігінде баспанасы жоқ азаматтары қатыса алады. Бағдарлама Қазақстан Республикасының кез келген өңірінде бастапқы нарықта төмендегідей бағамен Астана, Алматы, Ақтау және Атырау қалалары үшін 25 млн теңге, барлық басқа өңірлер үшін 15 млн теңге көлемінде баспана алу үшін ипотекалық тұрғын үй несиесін алу мүмкіндігін қарастырады.

*– Бағдарлама қандай үйлерге арналған?*

– Бағдарлама бірінші кезекте жаңа үйлерге есептелген. Өйткені осы жағдайда алғашқы баспанаға деген сұраныс қамтамасыз етіледі, бағдарламаны екінші айналымдағы баспана үшін қолдануға болады.

Жаңа баспана бастамасын іске қосу шарттарының бірі құрылыс саласына серпін беру болып саналады.

*– Бағдарламаның қабылдануы құрылыстың қымбаттап кетуіне әкеп соқпай ма?*

– Бағдарламаның жеңілдетілген шарттары тұрақты табысы бар әрбір азаматтың отбасы бюджетіне ауыртпалық түсірмей баспана мәселесін шешуге және несиені жабуға мүмкіндік береді. Мәселен, көлемі 7 млн теңгелік ипотекалық несиенің ай сайынғы төлемі 50 мың теңгеден төмен болады. Бұл қалың көпшілік үшін қолжетімді мүмкіндік саналады.

Мемлекет басшысының бес әлеуметтік бастамасын жүзеге асыру барысында «7-20-25» бағдарламасы шеңберінде құрылыс көлемін арттыру үшін "Нұрлы жер" бағдарламасына қосымша қаржы бөлу жоспары қарастырылуда. Сол себепті елдегі тұрғын үй өткізу қарқыны жоғарылайды және жаңа ипотекалық бағдарламаның іске аса бастауымен тұрғын үй бағасының қымбаттауы күтілмейді.

*– Бағдарлама бойынша несиені қандай валютамен алуға болады?*

– Бағдарлама бойынша ипотекалық несиелер тек теңгемен ғана беріледі.

*– Бағдарлама бойынша несие алу үшін қайда бару керек? Бағдарламада бұрын берілген ипотекалық несиелерді қайта қаржыландыру мүмкіндігі қарастырылған ба?*

– Ипотекалық несиелер бағдарлама шарттары бойынша екінші деңгейлі банк қатысушыларына беріледі. Оған несие беру құқы жоқ Ислам банкі кірмейді. Сондай-ақ ипотека несие өсімі арқылы баспанамен қамтамасыз етілгендер бағдарламаға қатыса алмайды.

Бұрын берілген ипотекалық несиелерді бағдарлама шарттары бойынша қайта қаржыландыру әзірге қарастырылмаған.

*– 14-16% ставкалы ипотекалық несиесі бар азаматтар қандай да бір жолмен бағдарламаға қатыса ала ма? Өзінің баспаналық жағдайын жақсарту үшін қайталама нарықта кепілдігі бар адам қандай да бір жолмен бағдарламаға қатысуы қарастырылған ба?*

– Бағдарлама әлеуметтік бағытта жұмыс істейді және бірінші кезекте төлем қабілеті бар, бірақ баспанасы жоқ адамдарға мүмкіндік беруді көздейді. Қазіргі уақытта ипотекалық кредиті немесе кепілдігі бар адамдардың бағдарламаға қатысуға мүмкіндік беру мәселесі қаралып жатқан жоқ.

*– Бағдарламаға үлестік қатысуды несиелендіру енгізілген бе?*

– Бағдарлама тұрғын үй құрылысына үлестік қатысуды несиелендіруді қарастырмайды.

*– Бағдарламаның операторы кім болады? Ұлттық Банк құрған арнаулы компания қалай аталады. Бұл компания КИК (Қазақстан ипотекалық компаниясы) секілді бола ма?*

– Бағдарламаның операторы ҚР Ұлттық Банктің еншілес мекемесі – «Баспана» Ипотекалық ұйымы» АҚ. Оператор облигацияларды шығару және орналастыру есебінен нарықтық механизмдерді қолдана отырып, Қазақстан қор биржасына (KASE) кем дегенде 1 триллион теңге тартып, бағдарлама шартымен қатысушы банктер берген ипотекалық тұрғын несиесін сатып алуға бағыттайды. Бүгінгі таңда бағдарламаны жүзеге асыру басталып, екінші деңгейлі банктермен келісімдерге қол қойылды.

«7-20-25» мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде Алматы, Астана, Ақтау, Өскемен және Орал қалаларында алғашқы несиелер берілді. Бұдан былай барлық туындаған сұрақтар бойынша «Баспана» ипотекалық ұйымы іске қосқан www.baspana72025.kz интернет орталығына және тәулік бойы тегін жұмыс істейтін call-орталыққа мына номермен + 7 (727) 227-20-25 шығуға болады. Сонымен қатар «7-20-25» бағдарламасы шарттарын түсіндіру мақсатында ҚР Ұлттық Банктің «НБК «Online» мобильдік қосымшасында 2018 жылдың 19 маусымынан бастап «7-20-25» деген жаңа бөлім іске қосылды. Онда аталған бағдарламаға қатысты қызықтырған сұрақтарға жедел жауап алуға болады.

«НБК «Online» мобильдік қосымшасын AppStore (https://itunes.apple.com/kz/app/nbk-online/id1134502211…) және PlayMarket (https://play.google.com/store/apps/details…) дүкендерінде мемлекеттік және орыс тілдеріне көшіріп алуға толық мүмкіндік бар.

Аталған бағдарламамен ҚР Ұлттық Банкінің ресми интернет ресурсында мына сілтеме – http://www.nationalbank.kz/?docid=3555&switch=russian бойынша танысуға болады.

Сұхбаттасқан
**Ыдырыс ТӘЖІҰЛЫ.**

ТАЛАПКЕР-2018

# ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫНЫҢ БІЛІМ БАСҚАРМАСЫНЫҢ М.МӘМЕТОВА АТЫНДАҒЫ ҚЫЗЫЛОРДА ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ЖОҒАРЫ КОЛЛЕДЖІ



*2018-2019 оқу жылында төмендегі мамандықтар бойынша оқудың күндізгі және сырттай нысанына ақылы негізінде оқуға түсу үшін талапкерлерден құжаттар қабылдайтындығын хабарлайды.*

| р/с | Білім коды мен бейіні | Мамандығы | Біліктілігі | Түсу емтихандары: 11 сынып (күндізгі және сырттай оқу нысаны) | Оқу мерзімі: 11 сынып (күндізгі оқу нысаны) | Оқу мерзімі: 11 сынып (сырттай оқу нысаны) |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 0100000- Білім беру | 0101000 - Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту | 010103 3 - «Мектепке дейінгі ұйымдардың ағылшынша білімі бар тәрбиешісі» | Биология Қазақ тілі Қазақстан тарихы | 2 жыл 10 ай | - |
| 2 | | | 010101 3 - «Мектепке дейінгі ұйымдардың тәрбиешісі» | | | 2 жыл 10 ай Қысқартылған бағдарламамен екінші мамандық алу 1 жыл 10 ай |
| 3 | | | 010104 4 - «Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту қолданбалы бакалавр» | | 2 жыл 10 ай | - |
| 4 | | 0103000 - Дене тәрбиесі және спорт | 010302 3-«Дене тәрбиесі пәнінің мұғалімі» | 1 шығармашылық емтихан Қазақ тілі Қазақстан тарихы | 2 жыл 10 ай | 2 жыл 10 ай |
| 5 | | 0105000 - Бастауыш білім беру | 010501 3- «Бастауыш білім беру мұғалімі» | Математика Қазақ тілі Қазақстан тарихы | 2 жыл 10 ай | 2 жыл 10 ай |
| 6 | | | 010508 3 - «Ағылшынша білімі бар бастауыш білім беру мұғалімі» | | | - |
| 7 | | 0108000 - Музыкалық білім беру | 010801 3 - «Мектепке дейінгі және негізгі орта білім беру ұйымдарындағы музыка пәнінің мұғалімі» | - | - | - |
| 8 | | 0111000 - Негізгі орта білім беру | 011101 3 - «Қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімі» | Қазақ әдебиеті Қазақ тілі Қазақстан тарихы | 2 жыл 10 ай | - |
| 9 | | | 011102 3 - «Орыс тілі мен әдебиеті мұғалімі» | Орыс әдебиеті Орыс тілі Қазақстан тарихы | 2 жыл 10 ай | 2 жыл 10 ай |
| 10 | | | 011108 3 - «Шетел тілі мұғалімі» | Шетел тілі Қазақ тілі Қазақстан тарихы | 2 жыл 10 ай | - |
| 11 | | | 011109 3 - «Информатика мұғалімі» | Математика Қазақ тілі Қазақстан тарихы | 2 жыл 10 ай | - |
| 12 | | | 011111 3 - «Ағылшынша білімі бар математика пәні мұғалімі» | | | |
| 13 | | | 011112 3 - «Ағылшынша білімі бар физика пәні мұғалімі» | Физика Қазақ тілі Қазақстан тарихы | 2 жыл 10 ай | - |
| 14 | 0400000- Өнер және мәдениет | 0402000 - «Дизайн» (бейін бойынша) | 040201 3 - «Дизайнер» | - | - | - |
| 15 | | 0403000 - Әлеуметтік-мәдени қызметі және халықтық көркемдік шығармашылығы» (бейін бойынша) | 0403013-1 - «Педагог-мәдени демалыс ұйымдастырушысы, би ұжымының жетекшісі» | 2 шығармашылық емтихан Қазақ тілі Қазақстан тарихы | - | - |
| 16 | | | 0403013-2 - «Педагог-мәдени демалыс ұйымдастырушысы, халық аспаптар оркестрінің (ансамблінің) жетекшісі» | | - | 2 жыл 10 ай |
| 17 | 1300000 - Байланыс, телекоммуникация және ақпараттық технологиялар | 1304000 - Есептеу техникасы және бағдарламалық қамтамасыз ету (түрлері бойынша) | 130403 3 - «Техник-электроник» | Математика Қазақ тілі Қазақстан тарихы | 2 жыл 10 ай | - |
| 18 | | | 130404 3 - «Техник-бағдарламашы» | | | |
| 19 | | | 130409 4 - «Есептеу техникасы бойынша бағдарламашы қолданбалы бакалавр | | | |

Құжаттар 2018 жылы тамыздың 20-на дейін қабылданады.
Қабылдау кезінде талапкерлердің тапсыратын құжаттары:

- білімі туралы құжаттың түпнұсқасы;
- № 086-У нысаны бойынша медициналық анықтаманы флюорография суретімен (I-II топтағы және туғаннан мүгедектерге дәрігерлік сараптаманың қорытындысы);
- 3х4 суреті – 4 дана;
- туу туралы куәлігі немесе төлқұжатының көшірмесі.
- ағымдағы жылы бітіргендер үшін Ұлттық бірыңғай тестілеудің немесе кешенді тестілеудің нәтижесі туралы сертификаты (11 сынып үшін).

Түсу емтихандары кешенді тестілеу түрінде жүргізіледі.

Құжаттар мына мекен-жайда қабылданады: Қызылорда қаласы, Қорқыт ата көшесі, 9 үй, тел: 8(7242)26-12-90. Колледж сайты:manshuk.k. Электронды поштасы: kyzhumcoll

**Қабылдау комиссиясы.**

*(ҚР Білім және ғылым министрлігінің Білім және ғылым саласындағы бақылау комитеті Қызылорда облысының білім саласындағы бақылау департаментінен 2018 жылдың 20 ақпанында №KZ67LAA00011120 лицензиясы берілген)*

# «ТІЛСІЗ ЖАУДЫҢ» ТИГІЗЕР ЗАРДАБЫ КӨП

**Биылғы 6 айда облыста 223 өрт оқиғасы тіркелген. Салдарынан 4 адам жарақат алып, тағы 4 тұрғын қаза тапқан. Бұл жөнінде өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен брифингте облыстық төтенше жағдайлар департаментінің басқарма басшысы Руслан Қайрақбаев мәлімдеді. Жиынға қалалық төтенше жағдайлар басқармасының бастығы Ербол Әлішеров және «Өрт сөндіру және авариялық құтқару жұмыстары қызметі» ММ басшысы Нұрсұлтан Ибрагимов қатысты.**

Өткен жылы 269 өрт оқиғасы орын алса, биыл бұл көрсеткіш 17 процентке төмендеген. Деректер жыл басынан бері 154 жеке тұрғын жай мен 53 автокөлікті өрт шалғанын көрсетеді. «Тілсіз жаудан» 22 млн теңге материалдық шығын келген. Өрт оқиғалары бойынша 63 адамға әкімшілік шара қолданылған. Осы ретте сала мамандары тұрғын үйді қараусыз қалдырмауды, маусымдық мезгілге байланысты өрт-қауіпсіздік шараларына селсоқ қарамауға шақырып, көліктерді уақытылы техникалық тексерістен өткізіп тұру керектігін айтты. Сонымен қатар, тұрғындар арасында өрт қауіпсіздігін қатаң сақтау үшін түсіндірме жұмыстары жүргізіліп келеді. Осы мақсатта биыл облыс көлеміндегі мектептер арасында өрт қауіпсіздігінің алдын алу мақсатында интерактивтік сабақтар өтіп, оған 8000-нан астам оқушы қамтылған.

**Сара АДАЙБАЕВА,**
**«Сыр бойы».**

# ФИТОСАНИТАРЛЫҚ ШАРАЛАР УАҚЫТЫЛЫ АТҚАРЫЛДЫ

**Облыста ерекше қауіпті шегіртке зиянкестеріне қарсы фитосанитариялық шаралар аяқталды. Бұл туралы ҚР АШМ Агроөнеркәсіптік кешендегі мемлекеттік инспекция комитетінің облыстық аумақтық инспекциясы хабарлады.**

Биыл облыста ерекше қауіпті шегіртке зиянкестеріне қарсы химиялық өңдеу жұмыстары 144 392 гектарға жоспарланған болатын. Ауа райының салқын болуына байланысты бұл бағыттағы жұмыстар 800 гектарға кем өңделді. Үйірлі шегіртке зиянкестеріне қарсы жұмыстар мамырдың 29-нан 2 шілдеге дейін жүргізілді. Оған 25 техника қатыстырылып, 12 211 литр пестицидтер пайдаланылды.

Мамандар фитосанитариялық шаралар уақытылы әрі сапалы орындалды деп отыр. Нәтижесінде ауыл шаруашылығы дақылдары мен жайылымдарға зиян келмеген және арыз-шағым болмаған.

Дегенмен, шілденің екінші онкүндігінде шегіртке тектес зиянкестер толық өсіп жетіледі. Олардың қанаттану, жұптасу, ұрық салу кезеңінде ұша бастайды. Осы кезеңде шегіртке түнде жарыққа жиналып, тұрғындарды орынсыз алаңдатуы мүмкін. Бірақ, бұл жағдайдың қоршаған ортаға, ауыл шаруашылығы дақылдарына және жайылымдық алқапқа кері әсері болмайды.

Осыған байланысты инспекция тарапынан барлық аудан және қала әкімдеріне, тұрғындарға түсіндіру жұмыстарын жүргізу қажеттігі туралы тиісті хат жолданды.

Облыстық аумақтық инспекцияның мәліметтеріне сүйенсек, ерекше қауіпті шегірткеге қарсы күнделікті қадағалау жұмыстары жүргізіліп, фитосанитариялық ахуал тұрақты болып отыр.

**А.АҚЫЛБЕКОВ.**

*«Сыр бойы», «Кызылординские вести», «Ақмешіт апталығы», «Ақмешіт жастары» және ауданның барлық басылымдарына хабарландыру орналастырғыңыз келсе:*
***70-00-49, 70-00-52***
*телефондары арқылы байланысуға болады.*
***E-mail: smjarnama@mail.ru***

## АЛҒЫС ЛЕБІЗ

Жақында облыс әкімдігінің қолдауымен өткен менің 70 жылдық мерейтойым мен «Абыржы» романымның тұсаукесері рәсіміне ықылас-көңілін білдірген, лебіз айтқан ресми тұлғаларға, дос-жаранға, барша ағайынға алғыс айтамын!

Құрметпен,
**Сайлаубай ЖҰБАТЫРҰЛЫ,**
**жазушы, қоғам қайраткері,**
**«Парасат» орденінің иегері.**

## КІРПІШ САТЫЛАДЫ

Қызылорда қаласында украиналық құралмен жабдықталған М-125 маркалы қатпарлы кірпіш сатылады.
Өлшемі 250х120х88 мм, 250х120х65мм.
Байланыс тел.:
**8 701 335 96 50, 8 777 058 24 69.**



**(12-8)**

## Жарамсыз деп есептелсін

Маханбетов Дастан Агибаевичтің атына Қызылорда қаласы, "Автомобилист" бау-бақша серіктестігі 121 үй бойынша 21.11.2007 жылы берілген №0153511 жер учаскесіне жеке меншік құқығын беретін актісі, 12.08.2016 жылы берілген №2340 сыйға беру келісімшарты, техникалық паспорты (кадастрлық номері:10-156-028-063) жоғалуына байланысты жарамсыз деп есептелсін.

## Хабарлама

«Көлжан» ЖШС 2007 жылғы 9 қаңтардағы №212-III Қазақстан Республикасының Экология Кодексінің 57-ші бабының талаптарына сәйкес (18-21) «Батыс Тұзкөл кенішіне электр стансасын орнату» жобасы жөніндегі құжаттаманың мемлекеттік экологиялық сараптамаға жолданғандығы жайлы хабарлайды.

Барлық мүдделі азаматтар мен қоғамдық бірлестіктерге мемлекеттік экологиялық сараптамадан өткізу кезеңінде өздерінің ой-пікірлерін білдіру мүмкіндігі беріледі.

**Анықтама алу телефоны: 8 (7242) 29-91-92.**



# ҚОШ БОЛ, ЧЕМПИОН!

**Қазақ спорты орны толмас ауыр қазаға ұшырады. Екі күн бұрын 2014 жылы Ресейдің Сочи қаласында өткен Қысқы Олимпиада ойындарының қола жүлдегері, мәнерлеп сырғанаушы Денис Тен қарақшылардың қолынан қаза тапты. Қазақстанның көк туын көкке көтерген Олимпиада жүлдегерінің қазасына бүкіл ел жұртшылығы қайғыруда. Кеше қызылордалықтар да аяқ астынан ажал құшқан спортшыны «Мұз айдыны» сарайында еске алды. Еріксіз көздеріне жас алып, оның жарқын бейнесі мәңгі есте қалатынын айтып жатты.**

– Қазақстан халқы, қазақ спорты ауыр қайғыға душар болды. Орны толмас қаза. «Ажал айтып келмейді» деген осы болар. 25 жасында әлемге аты әйгілі, мәнерлеп сырғанаудан Қазақстан спортының тарихында Олимпиададан медаль алған алғашқы спортшы Денис Тен өмірден озды. Денистің аты біздің жүрегімізден мәңгі орын алады. Ол енді қалыптасып келе жатқан жас спортшыларымызға үлгі болатын, – деді №4 облыстық олимпиадалық резервтің мамандандырылған балалар-жасөспірімдер мектебі КММ-нің директоры Алексей Ильин.

Бүгінде әлеуметтік желілер де оқыс қазаға қайғырған жазбаларға толы. Жиырма бес жастағы талантты спортшының өмірі қапелімде үзілгені көпшіліктің жанына батып, қабырғасын қайыстырғандай. Бұл хабар төрткіл дүниеге де тез тарады. Халықаралық Олимпиада комитетінің президенті Томас Бах та қайғырып, көңіл айтты.

Шынында, анадан арда туған арыстың бұл өмірдегі борышы мен міндеті асқақ болатын. Болмысы бөлек жан еді. «Мен – қазақпын!» деп, жымия сөйлегенінде оны өзге ұлт өкілі деп ешкім ойламайтын. Өкініштісі, біз енді Денис туралы тек өткен шақта ғана айта аламыз. Қош, Денис! Бақұл бол! Қазақ елі сені көзінің қарашығындай сақтай алмағандығына өкінеді. Қазақы нақыштағы киім киіп, мұз айдынында төрткүл дүниені тәнті қылған өнерің ешқашан ұмытылмайды! Сен мәнерлеп сырғанаудан қазақ спортының мәңгі өшпес жарық жұлдызы болып қала бересің!

**М.СНАДИНҚЫЗЫ.**

# ҚАУІП-ҚАТЕРСІЗ ӘРІ АСҚЫНУСЫЗ

Жақында Қазақстанннның бас санитар дәрігері қажылыққа баратын барлық қазақстандықтар, оның ішінде тамыз айында аттанатындар мен жыл ішінде Умраға (шағын қажылық) баруды жоспарлағандар менингококк инфекциясына қарсы екпе жасатулары тиіс екенін еске салды. Мұндай талапты қабылдап отырған тарап – Сауд Арабиясы әмірлігі. Менингококкқа қарсы вакциналаудың маңыздылығы жайында мамандар жан-жақты түсіндіріп берді.

Қажылық маусымы кезінде әр мұсылман үшін қасиетті саналатын Мекке мен Мединаға әлемнің 160 елінен екі миллионнан астам адам ағылады, мұндай нөпірде, әлбетте, менингококк инфекциясының таралуы жиілейді. Сонымен қатар сарапшылар әлем бойынша бұл аурудың бірнеше түрінің таралуын осы қажылықпен байланыстырады. Айталық, Еуропаға менингококктың W тобы қажылыққа барған адамдардан келді деп болжанды. Менингококк инфекциясы қажылық кезінде жиі таралуы мүмкін. Өйткені, 2000 жылы ауруды жұқтырған 206 оқиға тіркеліп, дерттен көз жұмғандардың көрсеткіші 30% -ға жеткен болатын.

Дегенмен, жақында Қазақстанның бірқатар өңірлерінде менингококк инфекциясына шалдыққандар әрі осы аурудан көз жұмған оқиғалар туралы, сонымен қатар БАҚ пен әлеуметтік желілердегі байбалам жайында, жалпы менингиттің қаупі туралы отандастарымыз хабардар. Десек те, қажылық пен Умра кезінде менингококкты жұқтыру қаупі жайында көбісі біле бермейді.

– Қажылық пен Умрада менингококк инфекциясын жұқтырып алудың екі бірдей маңызды себебі бар. Біріншіден, Сауд Арабиясы менингококк инфекциясына шалдығудың жоғары қауіпті гиперэндемикалық аумағына жатады. Сонымен қатар, бұл жерді сахараның оңтүстігі мен экватор орманы, Қызыл теңіз бен Атлант мұхиты аумақтарын қамтитын «менингит белдеуі» деп атайды. Екіншіден, менингококк бір адамнан екіншісіне ауатамшылы жолмен немесе жеке тығыз байланыс кезінде ғана жұғады. Сол себептен, бұл жұқпалы дерттің таралуына қолайлы орта – адамдардың көп шоғырлануы, бірнеше сағат бойы бір метрге дейінгі жердегі тығыз байланыс. Қажылық пен Умра кезінде қауіптен қорғану үшін менингококк инфекциясына қарсы төртвалентті вакцинаны (ACWY) қабылдаған жөн әрі екпені Сауд Арабиясына барар алдында иммунитеттің қалыптасып үлгеруі үшін 10 күн бұрын жасату қажет. Конъюгиравты вакцина екпесіне 5 жылға дейінгі мерзімде сертификат беріледі. Ал егер сертификатта қандай вакцина қабылдағаны көрсетілмесе – сертификаттың қолданылу мерзімі 3 жыл. Сауд Арабиясы Әмірлігі Денсаулық сақтау министрлігінің ұсынысына сай бірқатар елдердің қажылыққа келген азаматтары полиомиелитке қарсы вакцина қабылдағандары жайында сертификат көрсетулері тиіс, алайда Қазақстан мұндай елдердің қатарында жоқ, – деді ҚР ДСМ «ҚДСҰО» ШЖҚ РМК «СЭСжМҒПО» филиалының екпелік басқару инфекциялары мен иммунопрофилактика басқармасының басшысы Айнагүл Қуатбаева.



Бұдан басқа, Сауд Арабиясы Әмірлігінің Денсаулық сақтау министрлігі қажылыққа келетіндерден ауруға қарсы иммундау статусын жаңартуды ұсынып отыр. Бұған дифтерия, сіреспе, көкжөтел, жұлын қабынуы, қызылша, желшешек және шошқаборық ауруларына қарсы екпелер кіреді. Алайда, менингококк инфекциясына қарсы екпе міндетті түрде талап етіледі.

Қауіпті дерттің салдары ауыр, мүгедектікке әкеліп соқтыруы ықтимал, тіпті аурудан көз жұму қаупі де жоғары, сол себептен сақтанудың қаншалықты маңызды екені айтпаса да түсінікті. Алайда, Сауд Арабиясы Әмірлігіне виза алу үшін менингококк инфекциясының алдын алуға арналған екпе сертификаттарының жасанды түрлері көбейіп кеткені мәлім.

– Жасанды екпе сертификаттары этикалық ережелердің бұзылуынан бөлек, менингококк инфекциясын қажылықтағы азаматтардың жұқтыруы әрі Қазақстан Республикасының аумағына алып келу қаупі артады. Сол себептен, барлық мешіттер мен турагенттіктерге сертификаттардың Сауд Арабиясының елшілігінде қабылданатыны жайында ақпарат тараттық. Қажылыққа баратындардың алғашқы легі 8 тамызда басталады, сондықтан екпе шараларын тездету қажет. Сонымен қатар, қажылыққа баратындарға күн көзінен қорғану, сұйықтық мөлшерін көп пайдалану және жеке бас тазалығын сақтау ескертіледі. Қажылық пен Умраға баратын елдердің тұрғындарына ағартушылық жұмыстарын жүргізу ұсынылады: олар тазалықтың басты шарттары, тамақтану, инфекциялық аурулардан қорғану, ыстықтан қорғану, – деп түсіндірді ҚМДБ қажылық қорының директоры Айдар Салқынбаев.

Қазақстанның бас санитар дәрігері Жандарбек Бекшин қажылық алдындағы дайындық кезеңінде менингококк инфекциясына қарсы екпені Атырау облысында (Open clinic ЖШС филиалы, Атырау, Студенттер қиылысы, 205 А); Жамбыл облысында («НКЦКТ» ЖШС филиалы, ZHANUYA емханасы, Тараз, Пушкин көшесі, 41); Түркістан облысы (№1 Шымкент қалалық ауруханасы, Шымкент, Г.Иляев көшесі, 51); Алматы (вакцинация клиникасы, «Фармаком» ЖШС, Қарасай батыр көшесі, 30; Бузурбаев көшесі, 24; IMC медициналық орталығы, Мұқанов көшесі, 235; Гагарин даңғылы 311 а); Астана (Open clinic ЖШС филиалы, Астана, Отырар, 8/2); Маңғыстау облысы (№1 ҚЕ, Ақтау қ., 7 ша, 35 А), Қарағанды облысы ( АМСК қалалық орталығы ЖШС, Қарағанды қ., Бейбітшілік бульвары 28; №1 ҚЕ, Қарағанды қ., Ипподромная, 8) алуға болатыны жөнінде мағлұмат берді.

Мамандардың айтуынша, вакцина көптеген инфекциялық аурулардың, оның ішінде менингококк инфекциясының алдын алатын ең тиімді тәсіл. Жақында қоғамдық денсаулық сақтау Ұлттық орталығының ұйымдастыруымен Алматыда өткен менингококк инфекциясына қарсы тұрудың тәжірибелері мен мәселелеріне арналған дөңгелек үстел барысында «менингококк белдеуі» саналатын Африка елдерінің өзінде тап осы вакцина статистиканы түбегейлі өзгертіп, ауруды жұқтырғандар мен көз жұму оқиғаларын азайтуға сеп болғаны айтылды. Онда екпе шаралары біріккен түрде және жаппай жүргізіледі. Ал бізде аурудың кең таралмауына байланысты менингококкқа қарсы вакциналау әзірге ерікті түрде жүруде. Алайда, менингококкқа қарсы вакциналауды кең ауқымда мақсатты түрде қабылдау мәселесі Қазақстанда ашық қалып отыр, ал биыл жылы дерттің таралуы менингококкқа немқұрайлы қарауға мүлде болмайтынын көрсетті.

**Сая АСАНОВА.**

# ҚАПШАҒАЙДАҒЫ ДОП ДОДАСЫ



**Қапшағайда ардагер футболшылар арасында кіші футболдан мәнерлеп сырғанаушы, жасөспірімдер арасындағы олимпиада мен қысқы Азия ойындарының жүлдегері, халықаралық дәрежедегі спорт шебері Элизабет Тұрсынбаеваның жүлдесі үшін жарыс өтті. Жарыста Қазалы ауданының ардагер футболшыларынан жасақталған «Kazaly», Астана, Алматы, Тараз және Қызылорда қаласында тұратын қазалылықтардан құралған «Zamandastar», Қапшағай қаласының ардагерлерінен тұратын «Dostyk» және «Team Elizabet Tursynbaeva» командалары бақ сынады**.

Турнирдің ашылу салтанатына құрметті қонақ ретінде қатысқан Қапшағай қаласының әкімі Талғат Қайнарбеков Элизабет Тұрсынбаеваның әлемдік аренадағы өзіндік орны бар спортшы екендігін, осындай турнирлердің бұқаралық спортты дамытудағы ықпалының ерекшелігін атап өтті.

Қапшағайда тұңғыш рет ұйымдастырылған турнир қалалық стадион мен орталық саябақта болды. Жарыста Қазалы ауданының намысын қорғаған команда екінші орын иеленді. Турнирдің жеңімпазы болып «Zamandastar» командасы танылды. Жеңімпаздар мен жүлдегерлерге кубоктар мен дипломдар, медальдар және естелік сыйлықтар табыс етті. Сондай-ақ, бірқатар үздік деп танылған ойыншылар түрлі номинациялармен марапатталды.

– Турнирге қатысқан «Kazaly» командасын ардагер спортшы Толыбай Жүсіпов бастап келді. Ал, «Zamandastar» командасының ойыншылары шеберлігі шыңдалған керемет жандар. Олар Қазалы ауданында дүниеге келіп, бұл күндері еліміздің әр өңірінде еңбек етіп жүр. Мен сендермен мақтанамын, – дейді мәнерлеп сырғанаушының әкесі Байтақ Тұрсынбаев.

**Жұмабек ТАБЫНБАЕВ.**
Қазалы ауданы.


## ШЖҚ РМК «Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті»

төмендегі кафедралардың кафедра меңгерушілерінің бос қызмет орындарына орналасуға конкурс жариялайды:
«Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар»,
«Педагогика және оқыту әдістемесі»,
«Сәулет және құрылыс өндірісі»,
«Экология және химиялық технологиялар»,
«Электр энергетикасы және өміртіршілік қауіпсіздігі»,
«Философия және мәдениеттану»,
«Қазақстан тарихы»,
«Шетел тілдері және аударма»,
«Қазақ тілі мен әдебиеті және журналистика»,
«Есеп және аудит»,
«Орыс тілі мен әдебиеті»,
«Хореография»,
«Аграрлық технологиялар»,
«Су шаруашылығы және жерге орналастыру»
«Есептеу техникасы және ақпараттық жүйелер».

Бос қызмет орындарының толық тізбесімен және конкурсқа қатысудың басқа да шарттарымен университет сайтында www.korkyt.kz. (Ақпарат-Бос орындар) танысуға болады.

Құжаттар 2018 жылдың тамыз айының 20-на дейін, жұмыс күндері сағат 17:00-ге дейін мына мекенжайда қабылданады: 120014, Қызылорда қаласы, Әйтеке би көшесі 29А, бас әкімшілік ғимарат, кадрлар бөлімі, 205 каб., e-mail: otdelkadrov_kgu@mail.ru

Анықтама алу үшін мына телефон арқылы: 8(7242)27-86-28 хабарласуға болады.

*(Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі, Білім және ғылым саласындағы бақылау комитетінің 11.12.2012ж. берілген №12019394 лицензиясы.)*


JAŃA TÝYNDY

# ТӨРТ ЕҢБЕГІ ЖАРЫҚ КӨРДІ

Жуырда филология ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі, журналист Тоқболат Еңсегенұлының төрт кітабы жарыққа шықты.

«Авеста – тәңірлік дін негізі, қазақ әдебиеті мен философиясының архетиптері» деген монографиясында автор тәңірлік дәуір әдебиетінің тереңіне бойлап, түркілер дінінің негізі поэзия тіліндегі «Авеста» шығармасынан бастау алатынын ғылыми тұрғыда тұжырымдайды. Осылайша әдебиетіміздің түп-төркінін он ғасырға ұзартады.

Көптомдық шығармалар жинағының оныншысы «Авеста» шығармасындағы заңдар жинағы және қазақ әдет-ғұрып қағидалары» деген тақырыпқа арналған. Жазушы, ғалым осы еңбегі арқылы көне иран тілінде жазылған қасиетті кітаптың аталған бөлімін тұтастай тексеріп, 22-тарауын түгел қазақшаға аударып, қазақтың дәстүр, ырым, әдет-ғұрыптарымен, дала заңдарымен салыстырып қарастырады.




«Мәңгілік сағыныш» деген кітабында он бес шақты көркем шығарма қамтылған болса, «Бақытжанның танылмаған келбеті» атты кітапшасында автор ғалым Бақытжан Сайлыбаевтың докторлық диссертациясына талдау жасаған.

**Н.ҚУАНДЫҚ.**


## Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті 2018-2019 оқу жылына талапкерлерді білім алуға шақырады

Ахмет Ясауи университетінің қабылдау комиссиясы 54 бакалавриат мамандықтары бойынша шілде айының 18-26 күндері аралығында мемлекеттік білім грантына, тамыз айының 5-15 күндері аралығында 500 Түркия грантына, 5-25 тамыз аралығында ақылы негізде білім алатын талапкерлерден құжат қабылдайды. 2018-2019 оқу жылына ақылы негізде білім алатын талапкерлер үшін оқу төлемақысы төмендетілді. Ахмет Ясауи университетінің бакалавриат мамандықтары бойынша ақпаратты ayu.edu.kz сайтының «Талапкерге» бөлімінен оқи аласыздар.

Ахмет Ясауи университеті 30 магистратура, 5 резидентура және 11 докторантура мамандықтары бойынша 3-31 шілде аралығында құжаттар қабылдайды. Шет тілінен емтихан 10-15 тамыз, мамандық емтиханы 16-20 тамыз аралығында өтеді. Ахмет Ясауи университетінің магистратура, резидентура және докторантура бағдарламалары бойынша мәліметті университетіміздің ayu.edu.kz сайтының «Талапкерге» бөлімінің «Жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру» бөлімінен оқи аласыздар.

Қабылдау комиссиясының мекен-жайлары:

1. Түркістан қаласы, Б.Саттарханов даңғылы 29, №2 оқу ғимараты.

2. Шымкент қаласы, А.Байтұрсынов 7/7. Байланыс телефоны: 8(725-33) 6-36-90. E-mail: edil.tulegenov@ayu.edu.kz, akadil.alaidarov@ayu.edu.kz.

*(ҚР Білім және ғылым министрлігі. "ҚР Білім және ғылым министрлігінің Білім және ғылым саласындағы бақылау комитеті" мемлекеттік мекемесінен 2012 жылдың 03 ақпанында АБ №0137408 лицензиясы берілген).*


Кезекші редактор **Айдана ЖҰМАДИНОВА.**


**Меншік иесі**
СЫР МЕДИА
**жауапкершілігі шектеулі серіктестігі**

БАС ДИРЕКТОР
**Аманжол ОҢҒАРБАЕВ**
қабылдау бөлмесі
тел/факс: 8/7242/ 70-00-36

БАС РЕДАКТОР
**Қуат ШАРАБИДИНОВ**
қабылдау бөлмесі –
тел: 8/7242/ 40-02-17

Бас редактордың орынбасары – 70-00-43
Жауапты хатшы – 70-00-81

БӨЛІМДЕР:
руханият және ақпарат – 70-00-64, 70-00-41
экономика – 70-00-41, 70-00-68
әлеумет және саясат – 70-00-73
жарнама – 70-00-49, 70-00-52
есеп-қисап – 70-00-39, 70-00-38,
компьютер орталығы және корректорлар – 70-00-34

Газет аптасына 3 рет (сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері) шығады.

Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркелген.
Тіркеу куәлігі № 12993-Г, 27.08.2012 ж.

Қызылорда облыстық «Сыр бойы» газеті ҚР СТ ИСО 9001-2009 «Сапа менеджменті жүйесі» талаптарына сәйкес сертификатталған.
Авторларға қаламақы тапсырыс бойынша төленеді, қолжазба өңделеді және қайтарылмайды. Жарияламдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді.
"АҚ" - ақылы қызмет.

Газет редакцияның компьютер орталығында қатталып, "Сыр медиа" ЖШС өз баспаханасында басылды.
Тел.: 8/7242/ 40-06-68.
Газеттің таралымы бойынша 8/7242/ 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.
**Таралымы 28664**
**Тапсырыс №1142**

**Редакция мекен-жайы: Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4 "А".**
E-MAIL: SYRBOYI@YANDEX.KZ / WWW.SYRBOYI.KZ